



## МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫН РАМАЗАН АЙЫНЫҢ БАСТАЛУЫМЕН ҚҰТТЫҚТАУЫ



**Құрметті отандастар!**  
Баршаңызды қасиетті Рамазан айының басталуымен құттықтаймын!  
Бұл – халқымыздың рухани өмірінде айрықша маңызы бар кезең.  
Ораза кезінде сабырлылық пен қанағатшылдық, жанашырлық пен қамқорлық секілді ізгі құндылықтар ерекше дәріптеледі. Азаматтарымыз мұқтаж жандарға көмек беріп, қайырымдылық жасауға ұмтылады. Мұның бәрі ислам дінінің гуманистік идеяларынан бастау алады.  
Халқымыз үшін дін мен дәстүр – бірін-бірі толықтырып, өзара сабақтасып жатқан егіз ұғым. Асыл дініміз де, ата дәстүріміз де жұртты жақсылық пен жасампаздыққа үндейді.  
Биыл Рамазан айы Алғыс айту күнімен тұспа-тұс келіп отыр. Мұның зор символдық мәні бар. Мазмұны терең, мағынасы үндес қос мереке халқымыздың берекелі бірлігін одан әрі нығайта түсуге шақырады.  
Ораздан оразаға аман-есен жете берейік! Баршанызға бақ-береке тілеймін!  
Ниет қабыл болсын!

### ТАҒАЙЫНДАУ

Мемлекет басшысының Жарлығымен Қанат Бисимбайұлы Шарлапаев Қазақстан Республикасы Президентінің экономикалық мәселелер жөніндегі көмекшісі болып тағайындалды.

\*\*\*

Мемлекет басшысының Жарлығымен Әсет Арманұлы Ерғалиев Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің төрағасы болып тағайындалды.

\*\*\*

Мемлекет басшысының Жарлығымен Ерсайын Қайырғазыұлы Нағаспаев Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрі лауазымына тағайындалды.

\*\*\*

Мемлекет басшысының өкімімен Абай Серікұлы Қайырбеков Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары – Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің төрағасы лауазымына тағайындалды.

## МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ АЛҒЫС АЙТУ КҮНІМЕН ҚҰТТЫҚТАУЫ

**Құрметті отандастар!**  
Баршаңызды Алғыс айту күнімен шын жүректен құттықтаймын!  
Бұл жарқын мереке азаматтарымыздың бір-біріне деген ризашылығы мен тілектестігінің, шынайы құрметінің символы саналады.  
Халқымыз ғасырлар бойы берекелі бірлігі мен туған жерге деген шексіз сүйіспеншілігінің арқасында ең күрделі сынақтар мен қатерлерді еңсере білді. Осы іргелі құндылықтар жалпыұлттық бірегейлігіміздің ажырамас бөлігіне айналды.

Биыл Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылғанына 30 жыл толады. Бұл құрылым қоғамдағы өзара түсіністік пен келісімді нығайтуға өлшеусіз үлес қосып келеді.  
Қазір біздің алдымызда жүйелі әрі ауқымды реформаларды жүзеге асыру міндеті тұр. Осы орайда, әр азаматтың ел тағдырына жауапты екенін толық сезіне білуі маңызды. Біз жұдырықтай жұмыла білсек қана үйлесімді және әділетті қоғам құру жолында жетістікке жетеміз.  
Туған елдің игілігі үшін адал әрі тынымсыз еңбек етіп жүрген барша отандастарыма алғыс айтамын.  
Сіздерге зор денсаулық, бақ-береке тілеймін!

### Асхат АЙМАҒАМБЕТОВ, Мәжіліс депутаты:



## МАҚСАТ – БІЛІМ АЛУҒА ҚОЗҒАУ САЛУ

Елімізде білім беру саласына қатысты көптеген өзгеріс енгізілгелі жатыр. Мәселен, дарынды оқушыларға және оларды дайындаған ұстаздарға бірреттік сыйақы берілмек, балабақшада бала мектепке бірінші сыныпқа барғанға дейін қалатын болады, сол сияқты кітапханаларға ақылы іс-шаралар өткізуге рұқсат беріледі, ал ЖОО-ның кейбір түлектері мемлекеттік грантты өтеуден босатылмақ. Бұл туралы Мәжіліс қабырғасында айтылды.

### АЛҒЫС АРҚАЛАҒАН АЛАШ: ТАРИХ пен ТАҒЫЛЫМ



Алғыс айту күні – жай ғана мереке емес, ел бірлігін, татулық пен ынтымақтастықты бейнелейтін маңызды күн. Бұл дата тарихи оқиғаларды еске салып, қазақстандықтарды мейірімге, ризашылыққа және ауызбіршілікке шақырады. 2016 жылдан бері елімізде тойланатын бұл мерекені биыл қазақстандықтар оныншы жыл қатарынан тойлап келеді. Ендеше мерекенің алғаш шығу тарихы мен маңызына тоқталайық.

→ 8

## БЕСІК ІЗДЕП ЖҮРМІЗ

Қазақ «бесік тербеткен үйде береке бар» деп жаңа туған нәрестені бесікке бөлеген. Бесікке немқұрайды қарамай, бетін ашық тастамай, кие тұтқан. Тіпті, әкесі жатқан бесікке кейін балаларын да бөлеп, мұра ретінде келер ұрпаққа қалдырып отырған. Заман ауысқан сайын бесікке деген адамдардың түсінігі де өзгергендей. Қазір қасиет тұтқан бесігіміз қараусыз қалды. Кейбір жұрт керексіз санап, қоқысқа тастап та жүр. Біз қаладағы қазақтың шаңырағынан бесік іздедік...



→10

→ 4

1 НАУРЫЗ 2025 | СЕНБІ



## КАДР ДАЯРЛАУ САЛАСЫНА ӨЗГЕРІС ҚАЖЕТ

Кеше Сенатта «Еңбек адамы – ұлттық экономиканың өсуі мен ел өркендеуінің негізі» тақырыбына арналған парламенттік тыңдау өтті. Отырыс барысында қатысушылар мүдделі тараптармен бірге күн тәртібіне шығарылған мәселелерді талқылады. Сондай-ақ іс-шарада жұмысшы мамандықтардың беделін арттыруға, еңбек адамдарын қолдаудың арнайы бағдарламаларын әзірлеуге және жұмыс берушілердің кадр даярлау процесіне қатысуын кеңейтуге қатысты маңызды ұсыныстар айтылды.

Мәулен Әшімбаев өз сөзінде Мемлекет басшысы 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялап, алдағы кезеңге арналған нақты міндеттерді белгілеп бергенін атап өтті. Соның ішінде нәтижелі жұмыспен қамтуды қолдау, сапалы жұмыс орындарын ашу, еңбек адамының мәртебесін арттыру және экономиканы әртараптандыру арқылы ішкі жалпы өнімді ұлғайту сияқты басымдықтар айрықша мәнге ие.

Сонымен қатар палата Спикері білікті мамандарсыз экономикалық өсуді, әлеуметтік тұрақтылықты және серпінді дамуды қамтамасыз ету мүмкін емес екеніне назар аударды. Сондықтан кадр даярлау мәселесін жаңа деңгейге көтеріп, тұрақты және бәсекеге қабілетті экономика қалыптастыру аса маңызды.

«Мемлекет басшысы еңбек адамы ерекше орын алатын қоғам мен экономика құруға баса мән беріп отыр. Бұл – білікті кадрлар даярлау, жұмысшылардың құқықтарын қорғау, лайықты еңбек жағдайын қалыптастыру және еңбек идеологиясын дөріптеу қағидаларын қамтитын кешенді міндет», – деді Мәулен Әшімбаев.

Білікті кадрлардың, оның ішінде негізінен техникалық мамандықтардың тапшылығына, өңірлік және демографиялық дамуда теңгерімнің болмауына, сондай-ақ ауылдан қалаға көшетіндердің көптігіне байланысты туындаған түйткілдер аталған саладағы өзекті мәселелер ретінде атап өтілді. Тыңдау кезінде білім беру саласы еңбек нарығының заманауи талаптарына сай болуын қамтамасыз ету, жекелеген бағыттарда жалақының төмендігі, өндірісте қауіпсіздік ережелерін сақтамау мәселелері де жан-жақты талқыланды. Осы ретте бұл проблемаларды оңтайлы шешу және жағдайды жақсарту үшін жүйелі тәсіл мен мемлекеттің, жұмыс берушілердің, сондай-ақ білім беру мекемелерінің үйлесімді жұмысы маңызды рөл атқарады.

«Қазір кәсіпорындарға білікті мамандар жетіспей жатқаны белгілі. Соған қарамастан, көптеген жас кадрлардың жұмысқа орналаса алмай жүргені де жасырын емес. Тіпті, әрбір бесінші түлек мамандық бойынша жұмыс істемейді. Сондықтан қазір жоғары оқу орындары мен техникалық және кәсіптік оқу орындарының бағдарламаларын қайта қарап, оларды икемді етіп, экономиканың бүгінгі және алдағы уақыттағы қажеттіліктеріне бағыттау қажет. Жұмысшылар табысының тұрақты өсуіне жағдай жасайтын өндірістік көрсеткіштерді жақсартуға баса мән берген жөн. Соның

ішінде заманауи технологияларды енгізудің және цифрландырудың мәні зор. Осы саладағы маңызды міндеттердің тағы бірі – өндірісте қауіпсіздікті қамтамасыз ету. Бұл ретте Парламент депутаттары тиісті заңдарды уақытылы қабылдап келе жатқанын айта кеткен абзал. Сондай-ақ заңнамалардың орындалуын бақылауды күшейту, алдын алу шараларын кеңейту және жұмыс берушілердің жауапкершілігін арттыру қажет», – деп Мәулен Әшімбаев алдағы уақытта да Парламент қажетті бастамаларға заңнамалық қолдау көрсетуге дайын екенін жеткізді.

Парламенттік тыңдау барысында сенаторлар сарапшылармен, халықаралық ұйымдар және бизнес өкілдерімен бірге еңбек адамдарын қолдауға арналған мамандандырылған бағдарламалар әзірлеу мәселесін талқылады. Бұл бастама кадрлар, жұмыс берушілер және білім беру ұйымдары арасындағы байланысты нығайтуды көздейді. Талқылау кезінде колледждердің қызметіне қатысты түйткілдерді бірлесіп шешу, бизнеспен бірге техникалық және кәсіптік білім беруді трансформациялау, цифрлық экономика дәуіріндегі еңбек нарығының сын-қатерлерін еңсеру, сондай-ақ тау-кен-металлургия кешеніндегі еңбек ресурстарын дамыту стратегиясы туралы сөз болды.

Іс-шараға қатысушылар барлық мүдделі тарап Мемлекет басшысы ұсынған жаңа еңбек идеологиясын дөріптеуге белсенді қатысудың маңызды екенін атап өтті. Сарапшылар мен мемлекеттік органдардың өкілдері бұл жұмыс тек білім беру жүйесінің деңгейінде ғана емес, сонымен қатар еңбекті насихаттау және еңбек адамдарын құрметтеудің жаңа дәстүрін қалыптастыру арқылы кешенді түрде жүргізілуі керек екеніне назар аударды. Тыңдау кезінде айтылған ұсыныстар мен пікірлер тиісті ұсынымдарды әзірлеу барысында ескеріліп, Қазақстан Республикасының Үкіметіне жолданады.

Парламенттік тыңдауда Премьер-Министрдің орынбасары Ермек Көшербаев, Павлодар облысының әкімі Асаин Байханов, Оқу-ағарту, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, Ұлттық экономика, Ауыл шаруашылығы, Ғылым және жоғары білім, Денсаулық сақтау, Су ресурстары және ирригация министрліктерінің, «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының басшылығы, сондай-ақ халықаралық ұйымдар мен еліміздегі жетекші кәсіпорындардың сарапшылары және басқа да мүдделі тараптар баяндама жасады.

## МАҢЫЗДЫ ҚАЛАЛАРДЫ ДАМУ ТУРАЛЫ ЗАҢ ЖОБАСЫ ҚАРАЛАДЫ

Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен бюро отырысы өтіп, алдағы жалпы отырыстың күн тәртібі нақтыланды.



Депутаттардың талқылауына бірінші оқылымда астананы және республикалық маңызы бар қалаларды дамыту мәселелері бойынша Үкіметтің түзетулері ұсынылды. Бұл өзгерістер Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатымен әзірленген. Заң жобасы 1 кодекс пен 6 заңға өзгерістер енгізуді ұсынады. Олар елорда мен республикалық маңызы бар қалаларды абаттандыру ережелерін жетілдіруге бағытталған. Атап айтқанда, қолжетімді ортаны қамтамасыз ету, дизайн-код енгізу және стационарлы емес нысандарды орналастыру және олардың қызметін реттеу. Сонымен қатар жарнама қызметін реттеу, қоғамдық орындарда көшедегі аудиожарнамаға тыйым салу, тротуарлар мен автожолдарда сыртқы жарнама орналастыруға шектеу қою, елордадағы көші-қонды реттеу тетіктерін жетілдіру сияқты жарнама мәселелері қарастырылған.

Бірінші оқылымда депутаттар «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» кодекске су ресурстарын қорғау және пайдалану мәселелері бойынша енгізілетін өзгерістерді де талқылайды. Заң жобасы депутаттардың бастамасымен жаңа Су кодексінің редакциясымен заңнамалық актінің ережелерін үйлестіру мақсатымен әзірленді. Депутаттардың түзетулері екі кодексте жерасты су ресурстарын реттеу және пайдалану мәселелерінде бірыңғай терминологияны қолдануға, Каспий теңізінің қазақстандық секторында көмірсутектерді барлау және өндіру бойынша операцияларды жүргізуге қойылған тыйымды алып тастауға, сондай-ақ Арал теңізінің аумағында ерекше экологиялық мәртебені ескере отырып,

жер қойнауын пайдалану операцияларын жүргізуге тыйым салуға қатысты.

Леспе заң жобасы аясында Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекске өзгерістер енгізіледі. Олар заңсыз су алуға, су объектілерінде, су қорғау аймақтары мен белдеулерінде заңсыз құрылыс жүргізуге, су пайдалану шарттары мен режимін бұзуға, су объектілерінің арналарын және шекараларын өзгертуге қатысты санкцияларды қатаңдатуға бағытталған. Сондай-ақ гидротехникалық құрылыстарға техникалық тексеруді орындамағаны немесе қате жүргізгені, оларды қауіпсіздік декларациясынсыз пайдаланғаны үшін жауапкершілік енгізіледі.

Екінші оқылымда Мәжіліс тауарлардың шығарылған елін айқындау мәселелері бойынша түзетулерді қарастырады. Заң жобасы Президенттің 2023 жылғы қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру үшін Парламент депутаттарының бастамасымен әзірленген. Олар жоғары үлесті оқшаулаудың өндіріс циклін құруды көздейді. Бұл өз кезегінде импорттық жеткізілімдерге тәуелділікті азайтуға, заманауи технологиялар трансфертіне және жаңа өндірісті оқшаулауға мүмкіндік береді. Атап айтқанда, қолданыстағы «СТ-KZ» сертификаты мен индустриялық сертификаттың орнына қазақстандық тауарлардың бірыңғай тізілімін құру ұсынылады.

Сонымен қатар депутаттар қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдас-тыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру тәуекелдерін бағалау халықаралық орталығын құру туралы келісімді ратификациялау туралы жаңа заң жобасын жұмысқа алады.

## 100 КӘСІПТІК СТАНДАРТ ӨЗІРЛЕНЕДІ

Алдағы 5-6 жылда елімізде құрылыс, ауыл шаруашылығы, өңдеу өнеркәсібі және денсаулық сақтау саласы мамандары сұранысқа ие болады. Бұл туралы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Асқар Бидахметов айтып берді.

– Алдағы 6 жылда кадр бойынша жиынтық сұраныс 1,6 млн адам болып отыр. Оның ішінде шамамен 900 мың кәсіптік-техникалық білімі бар қызметкер және 400 мыңнан астам жұмысшы маман қажет. Жұмысшы кадрлар негізінен құрылыс, ауыл шаруашылығы, өңдеу өнеркәсібі және денсаулық сақтау саласында сұранысқа ие, бұл – жұмысшы мамандардың 56%-ы. Осы орайда орталық мемлекеттік органдар мен өңір әкімдіктері

жұмысшы мамандықтары жылы шеңберінде іс-шаралар жоспарын іске асыруды бастады. Мемлекеттік органдардың жоспарына сәйкес жаңа кәсіпорындар ашу мен жаңа жұмыс орындарын құру – негізгі міндет, – деді Асқар Бидахметов орталық коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз мәслихатында.

Сондай-ақ министрдің орынбасары «Жастар практикасы» жобасы жалғасатынын айтты.

## БАҒДАР

1 НАУРЫЗ 2025 | СЕНБІ

# ПАРТИЯ ӘРҚАШАН ХАЛЫҚТЫҢ ЖАНЫНАН ТАБЫЛУЫ КЕРЕК



Алғыс айту күні және Партия күні қарсаңында «AMANAT» партиясында үздік бастауыш партия ұйымы мен үздік қоғамдық қабылдау бөлмесі байқауы қорытындыланды. Іс-шараға бейнеконференцбайланыс арқылы еліміздің барлық аймағындағы 3 700 бастауыш партия ұйымы мен 225 қоғамдық қабылдау бөлмесінің өкілдері қатысты.

Мәжіліс Спикері, «AMANAT» партиясының Төрағасы Ерлан Қошанов бастауыш партия ұйымдары партияның негізгі тірегі екенін атап өтті. Олар партияның қоғамдағы беделін қалыптастырады. Халық сұранысына алғашқылардың бірі болып үн қатып, әлеуметтік мәселелерді шешуге көмектеседі, партиялық жобаларға белсенді қатысып, мемлекеттік бастамаларды түсіндіру жұмысын жүргізеді. Ал партияның қоғамдық қабылдау бөлмелеріне келіп түсетін өтініштер

саны жыл санап артып келеді. Бұл — азаматтардың «AMANAT» партиясына деген жоғары сенімнің жарқын көрінісі.

«Біздің партия Мемлекет басшысының стратегиялық бағытын белсенді жүзеге асырып, нақты істер арқылы Президенттің нағыз қоғамдық тірегі екенін күн сайын дәлелдеп келеді. Елімізде жүргізіліп жатқан реформалар партиялық жүйенің дамуына серпін беріп, саяси бәсекелестікті күшейте түсті. Жаңа жағдайда «AMANAT» партиясы барлық билік деңгейін-

де өз көшбасшылығын сәтті сақтап келеді. Бұған бастауыш партия ұйымдары орасан үлес қосып отыр. Біздің белсенділеріміз еліміздің барлық аумағында ортақ мақсат пен игі іс жолында күндіз-түні жұмыс істеп келеді. Олар — партияның негізгі қозғаушы күші әрі алдағы жеңістерінің кепілі», — деді ол.

Сондай-ақ Ерлан Қошанов қазақстандықтардың нақты мәселелерін шешуге бағытталған партиялық жобалардың жоғары сұранысқа ие екенін атап өтті. Президент «Ауыл аманаты» және «Қарызсыз қоғам» жобаларын жоғары бағалады. Қоғам тарапынан үлкен қолдау тапты. Бұл жобалар ауылдағы кәсіпкерлікті дамытуға және азаматтардың қаржылық сауатын арттыруға көмектеседі. «Жер аманаты» жобасы пайдаланылмай жатқан 12

млн гектар жерді мемлекет меншігіне қайтаруға мүмкіндік берді. Ал партияның жаңа «Цифрлық қоғам» жобасы азаматтардың цифрлық сауатын арттыруға және оларды интернет-алаяқтардан қорғауға бағытталған.

Сонымен қатар партияның «Халықпен бірге!» сайлауалды бағдарламасы жүйелі жүзеге асырылып, халықтың тұрмысын жақсартуда. Бұл — «AMANAT» партиясы мен Үкімет атқарып жатқан жұмыстың негізгі басымдықтарының бірі. Сайлауалды уәделерді орындау аясында 400 мыңнан астам жас азамат жұмысқа орналастырылды, жоғары оқу орындарындағы студенттердің шәкіртакысы 80%-ға ұлғайтылды, 270 медициналық мекеме, 375 мың оқушыға арналған 254 мектеп салынды. Ауылға жұмыс істеуге барған медицина қызметкерлеріне 10 млн теңгеге дейін көтерме ақы төленіп, зиянды еңбек жағдайында жұмыс істейтін мамандарға арнайы төлемдер қарастырылды.

Сондай-ақ партия Төрағасы Мемлекет басшысының «Таза Қазақстан» бастамасын іске асыру, еңбек адамдарына қолдау көрсету және Жұмысшы мамандықтары жылы шеңберінде жұмысшы кадрларды даярлау, сондай-ақ алдағы Ұлы Жеңістің 80 жылдығын мерекелеу бойынша БПҰ-ның белсенді жұмыс істеуінің маңызына тоқталды.

Ерлан Қошанов партия әрқашан халықтың жанынан табылуы керек екенін атап өтті. Ол қоғамдық қабылдау бөлмелерінің жұмысын күшейтуге шақырып, ірі кәсіпорындар мен өндіріс орын-

дарында көшпелі форматта азаматтарды қабылдауды ұсынды. Мұндай тәсіл тұрғындарды толғандырған мәселелерді жедел, тікелей сол жерде шешуге және халықпен барынша тиімді өзара қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік береді.

Бұдан соң, байқау қорытындысы жарияланды. Қазылар алқасының шешімімен Алматы облысындағы «Фирма «Бент» БПҰ, Астанадағы «Балаларды оналудың ұлттық орталығы» КЕАҚ БПҰ және Шымкенттегі «Білім және ғылым» БПҰ үздік бастауыш партия ұйымы ретінде танылды. Ал қоғамдық қабылдау бөлмелері арасында партияның Түркістан облыстық филиалының қоғамдық қабылдау бөлмесі мен партияның Алматы қаласы Алатау аудандық филиалының қоғамдық қабылдау бөлмесі жеңіске жетті. Сондай-ақ халыққа заңгерлік көмек көрсетуге бағытталған «Құқықтық көмек» жобасын жүзеге асыруда ерекше жетістікке жеткен партияның Солтүстік Қазақстан облыстық филиалы мен партияның Атырау облысы Құрманғазы аудандық филиалының қоғамдық қабылдау бөлмелері үздік деп танылды.

Сонымен қатар «AMANAT» партиясының Төрағасы түрлі салада еңбек етіп жүрген еліміздің 16 белсенді азаматына партия билетін табыстады. Олардың қатарында Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, жазушы-драматург, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Роза Мұқанова, Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы төрағасының орынбасары Әділбек Алпысбай, Қазақстан таяквондо федерациясының вице-президенті Қайрат Дүйсенов, «Астана Опера» театрының солисі Назым Сағынтай, «Алтын домбыра» айтысының жеңімпазы, айтыскер ақын Мейірбек Сұлтанхан, инженер-энергетик Азамат Табаров, металлург Иван Бельков және басқа да азаматтар бар.

## ҚОРШАҒАН ОРТА – ОРТАҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен қолға алынған «Таза Қазақстан» жалпыұлттық жобасы аясында еліміздің түкпір-түкпірінде «AMANAT» партиясының ұйымдастыруымен «Таза бейсенбі» экологиялық акциясы өтуде. Бұл іс-шара қоршаған ортаны қорғауға, экологиялық мәдениетті қалыптастыруға және тазалықты сақтауға бағытталған.

Абай облысы Үржар ауданында өткен «Таза бейсенбі» акциясы аясында ауыл тұрғындары, еріктілер, «Жастар Рухы» жастар қанатының мүшелері мен бастауыш партия ұйымдарының өкілдері Шевченко көшесіндегі суағарларды қардан тазалады. 20-дан аса адам қатысқан шара барысында 1 тоннаға жуық қар шығарылды.

«Біздің елді мекенге қар калың түседі. Осыған орай, көктемгі су тасқынының алдын алу мақсатында арықтар мен көшелерді қардан тазалап жатырмыз. Аталған жұмысты әр апта сайын жалғастыратын боламыз», — деді «Жастар Рухының» белсендісі Әлия Сембай.

Шымкент қаласында өткен кезекті «Таза бейсенбі» акция-



сында Ю.Гагарин көшесіндегі аумақ тазартылды. Акцияға қалалық және аудандық филиалдардың қызметкерлері, «Жастар

Рухы» жастар қанатының өкілдері қатысып, экологиялық мәдениетті қалыптастыруға үлес қосты.

«Жастардың бойында экологиялық мәдениетті қалыптастыру мақсатында осындай акцияларды еріктілермен бірге тұрақты түрде өткізіп келеміз. Бүгінгі іс-шара аясында саябақты ғана емес, партияға өтініш білдірген жалғызбасты қарияның ауласын да қардан тазарттық. Сонымен қатар партиямыздың «Ардагерлерді ардақтайық» жобасы аясында ардагерлерге тұрақты түрде көмек көрсетуді жалғастырамыз», — деді «AMANAT» партиясы ШҚО филиалының атқарушы хатшысының орынбасары Аманбай Нұрқенов.

«Қазір азаматтар тазалық мәдениетін түсініп, қоқысты арнайы жәшіктерге тастауға үйренді. Бұл — Мемлекет басшысының «Таза Қазақстан» бастамасы мен партиямыздың «Таза бейсенбі» акциясының жемісті нәтижесі», — деді «Орталық» бастауыш партия ұйымының төрайымы Алма Мамирова.

«Алматыда ерікті жастар қала тұрғындарын қоршаған ортаны таза ұстауға шақырып, үлкендерге көмек көрсету арқылы игі істерді насихаттады.

«Бұндай іс-шаралар ауданымызды көркейтуге және тұрғын-

дардың өмір сапасын арттыруға үлкен үлес қосады. Біз бірлесіп отырып, экологиялық мәдениетті дамытып, таза әрі жайлы орта қалыптастырамыз», — деп атап өтті жергілікті тұрғын Сания Байоразова.

Маңғыстау облысының Бейнеу ауданында ұйымдастырылған экологиялық акция барысында ауылдың әлеуметтік нысандары мен көрікті жерлері қардан тазартылды.

«Қалың қарды уақытылы тазалап, құм-тұз сеппесе, тұрғындарға қиындық туады. Сондықтан партия мүшелері қоғамдық орындар мен филиал ғимаратының маңын қардан тазартып, тұрғындардың қауіпсіз жүруіне жағдай жасады», — деді «AMANAT» партиясы Бейнеу аудандық филиалының атқарушы хатшысы Назарбек Қадір.

«AMANAT» партиясы ұйымдастырып келе жатқан «Таза бейсенбі» экологиялық акциясы өзге де өңірлерде өтті. Бұл бастама қоғамдағы экологиялық мәдениетті қалыптастырып, қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауға үндейді.

Ә.САМАТҰЛЫ

## МӘЖІЛІС МІНБЕРІ

1 НАУРЫЗ 2025 | СЕНБІ

Елімізде білім беру саласына қатысты көптеген өзгеріс енгізілгені жатыр. Мәселен, дарынды оқушыларға және оларды дайындаған ұстаздарға бірреттік сыйақы берілмек, балабақшада бала мектепке бірінші сыныпқа барғанға дейін қалатын болады, сол сияқты кітапханаларға ақылы іс-шаралар өткізуге рұқсат беріледі, ал ЖОО-ның кейбір түлектері мемлекеттік грантты өтеуден босатылмақ. Бұл туралы Мәжіліс қабырғасында айтылды. Онда «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мәдениет және білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы талқыланған болатын. Түзетулерді Мәжілістің Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің төрағасы Асхат Аймағамбетов таныстырды. Жалпы отырыста депутаттар заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдау туралы шешім қабылдады. Біз де жаңашылдықтарды кеңірек білмекке құжатты әзірлеушілердің бірінен сұхбат алған едік.

— Асхат Қанатұлы, Мәжілістің осы аптадағы сәрсенбі күні өткен Жалпы отырысында қаралған жалғыз заң жобасы өзіңіз таныстырып өткен құжат болды. Ендеше соның маңызды тұстарына тоқталып өтсеңіз?

— Мәдениет және білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң жобасына депутаттар бастамашы болды. Онда көптеген маңызды мәселелер қозғалып отыр. Мәселен, дарынды оқушыларды қолдау жайын алайық. Өткен жылы біз ең беделді халықаралық ғылыми байқаулардың жеңімпаздарына ҰБТ тапсырмай-ақ мемлекеттік грантпен оқуға түсу мүмкіндігін беру туралы заңды қабылдаған болатынбыз. Оған қоса, «Болашақ» бағдарламасы аясында бакалавриат деңгейінде шетелдердің озық университеттеріне түсу құқығын бердік. Бұл норма Мемлекет басшысының дарынды балаларды қолдау тапсырмасын орындауға бағытталған. Енді қазір қарастырып отырған заң жобасында халықаралық ғылыми жоба байқауларының жеңімпаздары мен жүлдегерлері атанған оқушыларға және оларды дайындаған ұстаздарға бір реттік сыйақы беру туралы норма енгізіліп отыр. Оның көлемі 6 миллионға дейін барады. Бұрын мұндай төлемдерді тек халықаралық пәндік олимпиадалардың жеңімпаздары ғана алатын. Бұл шара жастардың ғылыми әлеуетін дамытуға және талантты оқушыларды ынталандыру үшін маңызды деп санаймыз.

Заң жобасының маңызды бағыттарының бірі — жекеменшік білім беру ұйымдарына тұлғалардың есімін беру және оны өзгерту процесін ономастикалық комиссиямен келісу тәртібін енгізу. Соңғы жылдары жекеменшік білім беру мекемелері көбейіп, сәйкесінше оларға түрлі тұлғалардың есімін ешқандай ресми келісімсіз беруі жиілеп кетті. Кейбір фактілер қоғамда резонанс тудырды. Мәселен, мектепке туған-туыстарының немесе ата-бабаларының атын берген болмаса атауы берілген адамның атын дұрыс жазбаған



Асхат АЙМАҒАМБЕТОВ, Мәжіліс депутаты:

# МАҚСАТ – БІЛІМ АЛУҒА ҚОЗҒАУ САЛУ

«**Енді қазір қарастырып отырған заң жобасында халықаралық ғылыми жоба байқауларының жеңімпаздары мен жүлдегерлері атанған оқушыларға және оларды дайындаған ұстаздарға бір реттік сыйақы беру туралы норма енгізіліп отыр. Оның көлемі 6 миллионға дейін барады.**»

оқиғалар кездескен. Осыған орай, енді жекеменшік білім беру ұйымдары тұлғалардың есімін бермес бұрын, облыстық ономастикалық комиссияның ресми мақұлдауын алуға міндетті болады. Яғни, мемлекеттік білім беру ұйымдары сияқты ономастикалық рәсімдерден өтеді.

Сондай-ақ мектепте оқып жүріп жұмыс мамандығын алу мүмкіндіктерін де беруді көздеп отырмыз. 10-11 сыныпта оқитын оқушылар үшін мектеп бағдарламасымен қатар сұранысқа ие мамандықтар бойынша кәсіби дағдыларды меңгеру қарастырылған нормалар ұсынылды. Ол осындай мүмкіндігі бар жерлерде оқушылардың өз қалауымен іске асырылады. Мысалы, аудан орталықтарында оқушылар бір ауысымда оқиды. Олар түстен кейін сол жердегі колледжге барып, қосымша жұмысшы мамандығы бойынша білім ала алатын болады.

— Заң жобасының мәдени салаға қатысты тұстары қандай?

— Тағы бір ұсынысымыз — АҚҰЛМАН картасын енгізу. Ақылман картасы мектеп оқушыларына мәдени ұйымдарға баруға мүмкіндік береді, осылайша олардың елдің мәдени өміріне араласу деңгейін арттырады. Мұндай бастамалардың шетелдік тәжірибеде сәтті жүзеге асырылып жатқанын атап өткен жөн. Мысалы, Франция, Германия, Италия, Испания сияқты елдерде осындай карталармен оқушылар музейлерге, театрларға, көрмелерге және

сын арттыруға және ғылыми зерттеулерді дамытуға ынталандырады. Университеттер арасындағы бәсекелестікті күшейтіп, кадрларды сапалы даярлауға ықпал етеді.

Сондай-ақ ЖОО түлектерін қолдауға да үлкен назар аударылып отыр. Мәселен, бізде қазір мемлекеттік грант бойынша оқыған университет түлектері міндетті түрде үш жыл мамандығы бойынша жұмыс істеп, грантты өтеуге тиіс деген талап бар. Өтемесе, гранттың соммасын бюджетке қайтарады. Бірақ бізге мүгедектігі бар бала тәрбиелеп отырған немесе I топтағы мүгедекке күтім жасасап жүрген азаматтар өте жиі шағымданады. Күрделі жағдайларын ескеріп өтеу міндетінен босатуды сұрайды. Осыған байланысты заң жобасында сондай түлектерді міндетті түрде еңбек өтеу талабынан босату ұсынылды. Шетелдік жоғары оқу орындарында білім алу үшін түскен азаматтарға да міндетті еңбек өтеу мерзімін оқуын аяқтағанға дейін шегеру мүмкіндігін беру қарастырылып отыр. Мәселен, бакалаврды

бітірген түлек шетелге резиден-тура, магистратура, аспирантура, докторантураға түсетін болса, грантын өтеуден 2 жылға босатылады.

— Мектепке дейінгі білім беру бойынша да өзгерістер бар.

— Заң жобасында мектепке дейінгі білім беруге екі маңызды норма қарастырылған. Біріншіден, балабақша құрылысына арналған жер учаскелерін егжей-тегжейлі жоспарлауда жер бөлу және оларды жекеменшікке беруге тыйым салу ұсынылды. Бұл шара балабақшаларға арналған жерлерді сақтап, мектепке дейінгі білім берудің қолжетімділігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Екіншіден, балалардың балабақшада қалуына мүмкіндік беру. Қазіргі таңда ата-аналар жиі кездесетін мәселенің бірі — балаларының 6 жасқа толғаннан кейін, бірақ оқу жылы басталғанға дейін балабақшадан шығарылуы. Бұл өз кезегінде ата-аналар үшін үлкен қиындықтар тудырады, өйткені олар бала күтімін ұйымдастыру мәселесімен бетпе-бет келеді. Мысалы, егер бала жылдың басында, ақпан айының 5 күні 6 жасқа толса, оны кейбір балабақшалар дереу шығарып жібереді, бірақ ол баланы мектепке әлі бара алмайды. Осы норманы енгізу арқылы балалардың балабақшада 31 шілдеге дейін қалуына мүмкіндік беріледі.

— Одан өзге де қандай өзгерістер енгізілмек?

— Сол сияқты білім беру ұйымдарындағы штаттық құрылымның ашықтығын қамтамасыз етуді де назарда ұстап отырмыз. Заң жобасында білім беру ұйымдарына штаттық бірліктер мен лауазымдар туралы ақпаратты өздерінің интернет-ресурстарында және бірыңғай платформаларда жариялау міндеті енгізіледі. Бұл шара білім беру саласындағы ашықтықты қамтамасыз етіп, қоғам мен педагогтер үшін кадрлық саясаттың айқындығын арттырады.

— Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан  
Нұрлан ҚОСАЙ



## ҚОҒАМ

1 НАУРЫЗ 2025 | СЕНБІ



Елпәр ҚАБА (қалам)

Қазақстандықтардың төбе шашы тік тұрды: зейнетақы жинағынан 300 миллиард теңгедей жоғалып кетті! Болашақ зейнетақылар орасан зор сомаға азайып қалғанын БЖЗҚ растады. Оған құнды қағаз нарығындағы құбылу әсер етті деп, бар айып пен жауапкершілікті өзгеге аударды. Алайда салада басқа мәселе де қордаланып жатыр. Ұлттық банк болашақ зейнеткерлердің алатыны кезіргі жалақысының жартысынан да көп төмен болатынын айтып, ел көңілін одан сайын қобалжытып қойды.

## Айхан ШӘРІП 300 МИЛЛИАРДТАЙ ШЫҒЫН – ҚАЙДАН?

Бірінғай жинақтаушы зейнетақы қоры (БЖЗҚ) 2025 жылғы қаңтар қорытындысында зейнетақы активтері бойынша миллиардтаған теңге шығын шеккені анықталды. Қор халықтың жалақысынан ай сайын мәжбүрлі түрде ұсталып келген зейнетақы жарналарынан тек 1 ғана айда 284,86 миллиард теңгені жоғалтып алыпты. Елді естен тандыра жаздаған мұндай жағдай бірінші рет болып отырған жоқ, осының алдында ұқсас дерек 2024 жылғы сәуірде тіркелген.

БЖЗҚ зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі шолуында инвесттабыс шығындарының мәнісін түсіндірді. Оның дерегінше, теріс көрсеткіш шетелдік валюталар бағамының құбылуы, сондай-ақ қор инвестиция жасаған қаржылық құралдардың нарықтық құнының өзгеруі, яғни арзандап кетуі кесірінен қалыптасты.

— Теріс инвестициялық табысқа негізінен ұлттық валютаның долларға шаққандағы бағамының жыл басында 525,11 теңгеден 518,14 теңгеге нығаю салдарынан бағамдық қайта бағалау, Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздарының нарықтық құнының құлдырауы себепкер болды. Шетелдік нарықтардан сатып алынған активтердің нарықтық құнының төмендеуі де болды, — деп түсіндірді БЖЗҚ.

Қордың талдауына, 284,86 миллиард теңге шығынның құрылымы келесідей: құнды қағаздар, соның ішінде «кері РЕПО» операциялары мен салымдар бойынша сыйақы түріндегі табыстар — 139,91 теңге. Құнды

# Зейнеткерлік БЕЙНЕТКЕРЛІККЕ АЙНАЛМАЙ МА?

қағаздарды нарықтық қайта бағалау шығыны — 252,14 миллиард теңге. Шетелдік валютаны қайта бағалаудан шығын — 52,92 миллиард. Сыртқы басқарудағы активтердің шығыны — 120,24 миллиард теңге.

DataHub эксперттері БЖЗҚ-ның биылғы «қып-қызыл шығыны» әлемдегі тұрақсыздықпен байланыстырады. АҚШ Президенті Дональд Трамп өзге экономикалық державаларға қарсы жоғарылатылған тарифтер енгізетінін айтып, сауда соғысының көрігін қыздырды. Американың төл статистикасы нашарлады, биржада америкалық компаниялардың акциялары құнсызданып жатыр. Бұған қоса, биыл күтпеген жерден Қазақстанның ұлттық валютасының ревальвациясы, қайта нығаюы басталды, бұл қорды 52,9 миллиард теңге шығынға батырыпты.

Сарапшылар БЖЗҚ-ның ақша жоғалтуының басты себебі деп нарықтағы топаланды атады. Қор қоржынындағы бағалы қағаздарды қайта бағалау 252,1 миллиард теңгені «жеп» қойды. Ал сыртқы басқарушылардың тиімсіз жұмысы тағы 120,2 миллиард теңге залал қосты.

Қазір Ұлттық банктің басқаруындағы халықтың зейнетақы активтерінің көлемі 22 триллион 282,04 миллиард теңгеден асты. Бұл бүкіл Қазақстанның республикалық бюджетіне бара-бар ғаламат сома! Алайда қор оны білікті басқару арқылы тиінін теңгеге жалғап, еселеп көбейтіп отырған жоқ. Керісінше, 2025 жылдың алғашқы айында ғана аталған триллиондардың 1,25%-ынан айрылып қалды. Мұның сыртында биылғы қаңтарда инфляция 1,1%-ға жетті. Қарапайым тілмен айтқанда, елдің болашақ зейнетақысын инфляция да «жалмап» жатыр.

## ҮЛГІ АЛСА, ОЗЫҚТАР БАР

Бұл жерде бар кінәні әлемдегі қор нарықтарындағы тұрақсыздыққа жаба беруге болмайды. БЖЗҚ-ны басқарушы-

ларға біліктілік жетпейтінін қаржыгерлер бұрыннан айтып келеді. Дамыған елдердің зейнетақы қорлары өз клиенттеріне қалпымен шығын емес, миллиардтаған табыс әкелгенін сүйінші сұрай жариялады.

Айта кету керек, Ұлттық банктің іске қырысудың, басқарудағы тиімсіздігінен түнілген жұрттың бір бөлігі болашақ зейнетақыларын «зейнетақы жинақтарын басқарушы компанияларға» алып кетіп жатыр. Бірақ БЖЗҚ-дағы 22,3 триллион жинақ аясында актив басқарушыларға кеткен қаржы көп емес — небәрі 63,8 миллиард теңге. Олар дәл БЖЗҚ-дай салмақты шығын шекпеген. Ең нашарының көр-

**Қазақстан тұрғындары зейнеткерлікке шыққанда табысының орта есеппен 42%-ына ғана қол жеткізеді. Ал БҰҰ стандарты бойынша зейнетақы еңбеккердің соңғы табысының кем дегенде 60 пайыздан көбін өтеуге тиіс.**

сеткіші -0,74% шығынды құрады. Ең табыстысы активтерді +0,58%-ға көбейте алған.

Нақты тоқталсақ, жеке басқарушы компаниялар арасынан екеуі ғана БЖЗҚ сияқты теріс табыстылықты паш етті. Оның өзінде 2025 жылдың басында ең нашар көрсеткіш көрсеткені — мемлекеттік БЖЗҚ қоры болып отыр. Оның басқаруындағы зейнетақы активтері бір ғана айда бірден минус 1,25%-ға азайып қалғанын қордың өзі хабарлады. Сондай-ақ «Сентрас Секьюритиз» минус 0,74%, ал, Halyk Finance минус 0,005% теріс табыстылық көрсеткені анықталды.

2025 жылғы қаңтарда зейнетақы активтерін басқаруда ең жоғарғы инвестициялық табысқа BCC Invest (+0,58%) қол жеткізді. Одан кейін Halyk Global Markets (+0,28%) пен Jusan Invest (+0,09%) орналасты.

Ұлттық банк те, БЖЗҚ да қиын жағдай бүкіл әлемде қалыптасып жатқандай пікір қалыптастыруға ұмтылды. Қордың мәліметінше, 2024 жылғы салымшылардың

жеке шоттарына есептелген инвестициялық кіріс 3,4 триллион теңге болды. Бұл шамамен 6,7 млрд долларға тең.

Дәл осы кезде небәрі 5,6 миллион тұрғыны бар Норвегияның мемлекеттік зейнетақы қоры (Statens pensjonsfond Norge) сол 2024 жыл қорытындысында 2,511 триллион крон немесе 222 миллиард доллар табыс тапты. Бұл қазақстандық зейнетақы қорының былтырғы табысынан 33 еседен көп! Жалпы, Норвегияның зейнетақы қоры бір ғана жылда БЖЗҚ-да жинақталған бүкіл зейнетақы активтерінен (22,3 трлн теңге) 5 есе көп табыс тапқан.

Statens pensjonsfond Norge сайтында айтылғандай, ол былтыр активтерді негізінен технологиялық компаниялардың акцияларына салған. Нәтижесінде, акцияларға инвестициялаудан ол 18% таза табыс тапты. Тек жылжымайтын мүлікке инвестициясы 1% төмендеген. Жаңғыратын энергия көздерін қолдауға бағыт-

таған шамалы инвестициясы 10% шығын әкелген, бірақ ол жалпы табыстылыққа кері әсерін тигізе алмапты. Бертінде, 1990 жылы ғана құрылған Норвегияның зейнетақы қоры жыл сайын ылан-ойран табысқа кенелу арқасында бүгінде активтерінің жалпы құнын 1,8 триллион долларға жеткізе алды.

Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, 2024 жыл қорытындысында Қазақстанның бүкіл Жалпы ішкі өнімі 135 триллион 251,6 миллиард теңгені құрады. Қазіргі бағаммен бұл 267 млрд 825 млн долларға бара-бар. Ендеше кішкентай ғана Норвегияның 1 ғана қорының активі бүкіл Қазақстанның ЖІӨ-сінен 7 еседей көп болып тұр!

## ЗЕЙНЕТКЕРЛІК ТҰРМЫСТЫ ТӨМЕНДЕТЕДІ

«БЖЗҚ» АҚ Ұлттық банктің және инвестициялық портфельді басқарушылардың (ИПБ) зейнетақы активтерін басқаруы туралы есебін ұсынды. Сонымен 2025 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша ҰБ мен ИПБ-лардың басқаруындағы зейнетақы активтерінің жалпы көлемі — 22 триллион 614,90 млрд теңгеге жетті.

Қор бұл триллиондарды негізінен болашақ зейнеткерлер мен олардың жұмыс берушілері жиғанын растады. Атап айтқанда, ересек қазақстандықтардың жалақысы мен табысынан ай сайын ұсталатын 10%-дық міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ), сондай-ақ міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ), ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) есебінен қорға 22 трлн 282,04 млрд теңге жиналды. Бұған жұмыс берушілер өз тарапынан 269,10 млрд теңге «жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарнасын» (ЖМЗЖ) қосқан.

2025 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша қазақстандық БЖЗҚ зейнетақы активтерін келесі құралдарға инвестициялапты: Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздары — 41,40%, квазимемлекеттік компаниялардың облигациялары — 8,81%, отандық банктердің облигациялары — 4,29%, ҚРҰБ депозиттері — 3,58%, микроқаржы ұйымдары — 1,28%, эмитенттерінің акциялары мен депозитарлық қолхаттары — 1,72%. Қалғаны — шетелдік құнды қағаздар. Сөйтіп, зейнетақы активтерінің басым бөлігін қазақстандық құралдарға салған.

Бұл қаржы құралдарының ба-сым бөлігі теңгеді сақталады, тиісінше, болашақ зейнетақы девальвациямен бірге құнсызданады. Қор дерегінше, ұлттық валютадағы инвестициялар — 60,23%, зейнетақы активтері портфелінің 39,76%-ы ғана АҚШ долларында сақталған.

Биылғы қаңтарда зейнетақы активтерінің 300 миллиардқа жуығын жоғалтқанына түсініктеме берген БЖЗҚ бір айдағы емес, одан ұзағырақ мерзімдегі табыстылықты талдауға кеңес берумен шектелді.

— Зейнетақы жинақтары, ең алдымен, әр адамның еңбек қызметі аяқталғаннан кейінгі төлемдерін қамтамасыз етуге арналған ұзақмерзімді инвестициялар. Инвестициялық кірістің ең кемі 1 жылдағысын талдаған жөн. Апаталық, айлық қысқамерзімді деректер көрсеткіш бола алмайды. Өйткені олар нарықтық жағдайдың тұрақты өзгеріп тұратын құбылмалылығына тәуелді. Кейбір құрал бойынша алынған кіріс басқа құралдың уақытша шығынын жабатын инвестициялық портфельді әртарапандыру — зейнетақы жинағының келешекте сақталуын және орнықты табыстылығын қамтамасыз етеді, — деді БЖЗҚ өкілдері.

Қор зейнетақы активтерінің кірістілігі инфляция деңгейінен асып түскенін алға тартты. 2014 жылғы сәуірден 2024 жылды қоса алғандағы кезеңде жинақталған инфляция — 156% болды, ал БЖЗҚ-ның жинақталған табыстылығы 180,8%. Инфляциядан еселеп асып түскені шамалы.

Қалай болғанда, зейнеткерлікке шығатын қазақстандықтардың тұрмысы нашарлауы мүмкін. Ұлттық банктің Мөнетарлық операциялар департаментінің директоры Нұржан Тұрсынхановтың айтуынша, Қазақстан тұрғындары зейнеткерлікке шыққанда табысының орта есеппен 42%-ына ғана қол жеткізеді. Ал БҰҰ стандарты бойынша зейнетақы еңбеккердің соңғы табысының кем дегенде 60 пайыздан көбін өтеуге тиіс.

— Зейнеткерлікке шыққанда табысты өтеу коэффициенті деңгейіне ықпал ететін негізгі факторлардың бірі — зейнетақы активтерінің шынайы табыстылығы. Мысалы, 2023 жыл қорытындысында табысты өтеу коэффициенті Қазақстанда небәрі 42% болды. Оның өзінде 33%-ы бюджеттен өтелген. 23%-ы — ынтымақты зейнетақы, 10%-ы — базалық пенсия түрінде төленді. Сонда жұмыскерлердің табысының бар-жоғы 9%-ын — жинақтаушы зейнетақы өтеген, — деді Н.Тұрсынханов. Салдарынан қарттық шақта бейнетінің зейнетін көру орнына қайтадан жұмысқа шығуға мәжбүр зейнеткерлердің үлесі көбейіп барады.

## МӘСЕЛЕ

1 НАУРЫЗ 2025 | СЕНБІ

Елорданың дәл іргесіндегі сексен көлді өңіріне алқа етіп таққан Ақмола облысының ахуалы мәз емес. «Сапалы суға қол жеткіздік» деп жергілікті әкімдіктер жоғарыға желге толы есеп бергенімен, жалпақ ел сарғайған лайлы суды тұндырып отырып тұтынуға мәжбүр. Басқасын айтпағанда, тіпті облыс орталығы – Көкшетаудың өзінде краннан аққан суды бірден ішу мүмкін емес. Көшедегі сүзгілі автоматты суға күні қараған жұрт бес литрлік пластик құтыларын сүйретіп қашанға дейін жүретіні беймәлім. Бұдан кейін шалғайда жатқан ауылдар жағдайының қандай екенін бағамдай беріңіз...

Қазір облыс аумағындағы 788 396 адам түгін түтететін 604 елді мекеннің 393-і ауызсуды құбыр желілері арқылы тұтынады. Сондай-ақ 193 ауыл тұрғындары орталықтандырылмаған суды күн сайын тасымалдап ішуге мәжбүр. Бұл орайда орталықтандырылмаған су тұтынатын жұртшылықтың күні бүгінге дейін ұңғымалар мен колонкалардан тасып ішетінін айтсақ жеткілікті. Тіпті, бұған да жылдар бойы қол жеткізе алмай іс жүзінде осы күнге дейін көршілес елді мекендерден көлікпен жеткізілетін суға ыдыстарын тосып күн сайын көшеде кезекте тұрған жұртшылықтың да әлі бар екенін жасыра алмаймыз. Ресми деректер бойынша республика бойынша орталықтандырылған ауызсумен қамтылған елді мекендердің көрсеткіші 97 пайызды құраса, Ақмола облысындағы бұл көрсеткіш небәрі 93,3 пайыз ғана болған.

Дегенмен облыс әкімдігі өңір халқының биыл толықтай сапалы ауызсумен қамтылатынын сенімді түрде айтып отыр. Өңір әкімдігінің ресми ұсынған мәліметтеріне сенсек, облыс аумағында 400 шақырымнан астам су құбырын салу мен реконструкциялауды көздейтін 45 іргелі жоба жүзеге асырылып жатыр. Елорданың іргесіндегі елді мекендерді ауызсумен жабдықтау жұмыстары аяқталуға таяу. Облыс әкімінің айтуынша, соңғы төрт жоба жүзеге асырылса, Астана маңындағы ауылдар толығымен ауызсумен 100 пайызға қамтамасыз етілмек.

– Биыл облыс орталығының іргесіндегі Станционный кентінде, сонымен бірге Қосшы, Макинск және Ерейментау қалаларында жүзеге асырылып жатқан жобаларды аяқтау жоспарланған. Бұл жобаларды іске асыруға аудандық және облыстық бюджеттерден қомақты қаржы бөлінді, – дейді Ақмола облысының әкімі Марат Ахметжанов.

Облыс әкімдігінің дерегінше, өңірдің ауылды елді мекендерін толықтай ауызсумен қамтамасыз ету мақсатында 37 ауылда су құбыры желілері салынбақ.

– Ауыл тұрғындарын тіршілік нәрімен қамтамасыз ету мақсатында биыл 37 ауылда су құбыры желілерін салу жоспарланған. Сонымен қатар суды тазартуға арналған кешенді блок-модульдер орнатылады, – деп атап өтті облыс әкімі Марат Ахметжанов.

Өңір басшысы жоғарыда аталған жобаларды жүзеге асыру ар-

# АҚМОЛАЛЫҚТАР ауызсуға зәру

Елді толықтай 100 пайыз сапалы ауызсумен қамтамасыз етудің мемлекеттік бағдарламасы биыл мәресіне жетеді. Миллиардтаған қаражат құйылып, құзырлы министрліктер мен жергілікті атқарушы билік «іргелі жобаларды жүзеге асырудамыз» деп жаһанға жар салғанымен, іс жүзінде қасық суға зәру болып жүрген халықтың қарасы әлі де болса қалың...

**А** Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,  
Ақмола облысы

қылы 12 мыңнан астам ақмолалықты таза ауызсумен қамтамасыз етпек. Бұған қоса, жыл соңына дейін облыс аумағында тозығы жеткен сумен жабдықтау және су бұру желілерін жөнге келтіруге бағытталған 70 жоба жүзеге асырылмақ.

Жергілікті билік құлаққа жағымды естілетін осындай жаңа жайлы мәлімет бергенімен, осыған дейін құзырлы органдармен сарапқа түскен сандар көңіл құлазытады. Мәселен, былтырғы жылы ауызсудың сапасына жүргізілген микробиологиялық көрсеткіштерден алынған 7 мыңнан астам сынама өңірдегі ауызсу сапасының көп жағдайда сын көтермейтіндігін айғақтап берді. Тексеріс қорытындылары бойынша 312 сынаманың талапқа сай емес екендігі анықталған. Сондай-ақ мамандар жүргізген санитарлық-химиялық көрсеткіштер сынға алынған 7 384 сынаманың 804-і жарамсыз болғаны мәлім болды. Яғни, суды ауызсу ретінде пайдалануға болмайды. Әсіресе,



Еркебулан ДҮЙСЕВЛАТОВ (КОЛАЖ)

дарында ауызсудың тұздылығының шамадан тыс жоғарылығы алаңдатып тұр. Мәселен, Шортанды ауданының бірнеше ауылы басқа амалдың жоқтығынан тұзды суды ауызсу ретінде тұтынуға мәжбүр. Мұндай жағдайда су көзін алмастырудың қажеттігі туындайтыны рас.

Бұл орайда тығырықтан шығар жолдың бірі таза су көздерінен құбыр тарту жұмыстарын қолға алу екені даусыз. Дегенмен сол су құбырларын тартудың өзінде істің шалағай әрі сылбыр жүзеге асырылуынан екі ортада қара халық басты қажеттілік ауызсудан тарығатынын айтпасақ болмас. Мәселен, былтыр су құбырларына 11 мәрте тексеріс жүргізілген ма-

саулығы тұрғаны елеусіз қалып жатқаны өкінішті.

Өңірдегі ауызсудан ондаған жыл бойы тарығып, Егіндікөл ауданында екі жылға жуық уақыт бұрын техногендік сипаттағы төтенше жағдай жарияланып, миллиардтаған қаржы шығындалған. Былтыр күзде егіндікөлдік қалың елге әуірімдеп су берілгенімен, жағдай әлі де мәз емес екенін білдік. Ауызсу күніне екі сағатқа ғана беріліп, оның өзіне сапасы мәз болмай шыққан.

– Төтенше жағдай жариялау арқылы Сабындыдан келетін Нұра топтық су құбырына жөндеу жүргізіліп, өткен күз су келгенде бөркімізді аспанға аттық. Алайда қазір су күніне екі сағаттан артық берілмейді. Өйткені елді мекен ішіндегі құбырлардың жағдайы мүшкіл болып шықты. Су сапасыз. Ішуге жарамайды. Сонымен қатар құбырларды орнату, реконструкциялау кезінде жұмыстардың шалағай істеліп жатқанының талай

**Төтенше жағдай жариялау арқылы Сабындыдан келетін Нұра топтық су құбырына жөндеу жүргізіліп, өткен күз су келгенде бөркімізді аспанға аттық. Алайда қазір су күніне екі сағаттан артық берілмейді.**

Жарқайың, Шортанды, Есіл, Атбасар және Астрахан аудандарындағы ауызсуларының сапасы сын көтермейді.

Мамандардың пікірінше, елдің әр аймағында ауызсудың сапасына жүргізілген тексеріс кезінде, әсіресе қысқы маусым кезінде микробиологиялық көрсеткіштердің қажетті талаптарға сай болмауы сирек кездеседі. Дегенмен көктемгі тасқын су кезінде тіршілік нәрі сапасының аймақтың көптеген ауданында сынға төзбейтіндігі анық байқалды. Көп жағдайда өңірдің бірқатар аудан-

мандар бірқатар келенсіз жайдың куәсі болды. Атап айтқанда, Біржан сал, Атбасар, Целиноград аудандарында жүргізілуге тиіс санитарлық талаптардың іс жүзінде сақталмайтыны анықталған. Құзырлы орган жауапты орындарға айыппұл салған. Алайда бұдан кейін де жоспардан тыс жүргізілген тексерістер түзетілуге тиіс ұйғарымдардың сол күйі орындалмаған аймақтар белгілі болып, істі жүзеге асыру үшін сотқа жүгінуге мәжбүр болған. Бұл орайда төленетін айыппұлдан да маңызы аса жоғары халықтың басты байлығы – ден-

мәрте куәсі болғанбыз. Келер көктем мен жаз айларында тағы біраз қиындық бола ма деген күдігіміз басым, – дейді «Тіршілік – 2023» қоғамдық бірлестігінің төрағасы, Егіндікөл ауылы тұрғыны Ерік Серікбаев.

Аудандардан бөлек, Көкшетаудың өзінде судың сапасы мүлде төмен екені тұрғындар тарапынан жиі көтеріледі. Дегенмен күні бүгінге дейін бюджеттің бүйірінен бөлінген миллиардтаған қаражат іс жүзінде желге ұшқандай күйге түсіреді.

Деректерге жүгінсек, облыс орталығында сонау 2011 жылы су желілерін тазарту құрылғысын жаңарту арқылы тәулігіне 60 мың текше су өткізуге қауқарлы қондырғының құрылысы басталған. Лайлы әрі дәмі нашар судан қажыған жұрттың көңілінде үміт оты тұтанған. Қалалық әкімдікке қарасты құрылыс бөлімі бақылаған маңызды іс AEGISinc мердігерлік компаниясымен қолға алынған. Мемлекеттік сатып алу келісім-шарты бойынша жобаға 1,623 миллиард теңге қаржы бөлінген. Алғашқы жылы қаражаттың жартысына жуық 538,1 миллион теңгесі игеріліп, мердігер ұйым су сапасын сараптайтын зертхана мен цех ғимараттарын жартылай көтерген. Бірақ жарты жолда конкурс жұмысында заңсыздықтар анықталып, қалалық сот құрылыс жұмыстарын тоқтату туралы шешім шығарған.

2012-2013-жылдары ауызсумен қамтамасыз ету мақсатында конкурс қайта өткізілген. Қала тұрғындарының үмітін қайта жаққанымен, бұл жұмыс та 2013 жылы күрт тоқтады. Мемлекеттік аудиторлар қаражат заңнамаларының көп бұзылғанын анықтаған. Бұдан кейін 2021 жылы жасалған соңғы мердігер де тиісті міндеттемелерін орындамай бюджеттен бөлінген қыруар қаражат тағы да қайта кері қайтарылмаған. Ал бұдан кейін қажетті құрылыс материалдары да бірнеше есе қымбаттап кеткен. Содан күні бүгінге дейін қала жұртының өзі сапалы ауызсуға зәру күйде қалып келеді. Сергеев және Шағалалы су қоймаларынан жеткізілетін Көкшетауға жеткізілетін су сапасы төмендігінен халық жаппай көшедегі сүзгі аппараттарына жүгінеді. Яки, үйге сүзгішті қондырғылар қойдырған.

## P.S.

**Жалпы, аймақта биыл сапалы ауызсумен толықтай қамтамасыз етуге 34 миллиард теңге қаржы бөлінгені мәлім болды. Бұл қаржы ауызсудың зардабын жылдар бойы тартқан жұрттың тамағын жібітер мөлдір суға қандыра ала ма? Мемлекет басшысының қатаң тапсырмасына сәйкес, халық биыл толықтай таза әрі сапалы ауызсумен қамтылуға тиіс. Бірақ жағдай әлі жоғарыдағыдай болып тұрғанда, жыл соңына дейін барлық түйткілдің түйіні тарқатыла қою күмән тудырады. Бұл орайда Үкіметтен бастап жергілікті атқарушы органдардың осыған дейін болған қателіктерден сабақ алып, тиісті жұмысты мүлтіксіз орындауы ғана мәселенің шешімін табуына жеткізбек. Сондықтан істің сиырқұйымшақтанып кетпеуі үшін жауапкершілік жүгін жауапты органдар сезінсе дейсін...**

Салық айналасындағы жаңа реформалар ел экономикасының басты драйвері – шағын және орта кәсіп иелерін де қатты алаңдатып тұр. Әсіресе, қосымша құн салығының бірден күрт көтерілуі кәсіпкерлердің алға басқан қадамын кері шегеретіндей әсер еткенін айтпасқа болмайды. Күні кеше Ақмола облысының өңірлік кәсіпкерлер палатасында қаржы вице-министрі Дәурен Темірбековпен өткен кездесу барысында түйткілді мәселе облыс кәсіпкерлерімен тағы бір мәрте қайта көтерілді. Қосымша құн салығының шамадан тыс жоғарылауының себептері мен салдары кәсіпкерлердің жұмысына қаншалықты кері ықпалын тигізетіні егжей-тегжейлі айтылып, туындаған жағдайды шешудің жолдары аталды.

Көзі қырағы оқырман қауымның есінде болса, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ақпанның жетісі күні бизнес өкілдерімен кездесу барысында ел Үкіметіне қосымша құн салығын көтеру мәселесін шегелеп тапсырған еді. Осыған байланысты Үкімет мүшелері аймақтарда «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы өкілдерімен бірге жергілікті кәсіпкерлер қауымымен салық саясатының өзекті жайларын талдауға кіріскен.

Қаржы вице-министрі Дәурен Темірбековтің айтуынша, қосымша құн салығының мөлшерлемесін өсіру кезінде ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін толықтай салықтан босату көзделген.

– 16 пайыз деңгейінде қосымша құн салығының жалпы мөлшерлемесін бекіту ұсынылып отыр. Мұнымен қатар, ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін толықтай салықтан босату жоспарланған. Бірқатар салаға аралық 10 пайыздық мөлшерлемені енгізу ұсынылды. Осылайша, Үкіметпен ұсынылған қосымша құн салығы мөлшерлемесін дифференциясы 16%, 10%, 0% және салықтан босатылуды құрайды, – дейді вице-министр Дәурен Темірбеков.

Елімізде қосымша құн салығы бойынша есепке қоюдың қолданыстағы межесін 80 миллион теңгеден 15 миллион теңгеге дейін төмендету де ұсынылған. Жергілікті бизнес өкілдері онсыз да басқа күрделі мәселелерден әбден титықтаған кәсіпкерлер салықты көтерсе, жағдайдың мүлдем ушығатынын айтып, оған нақты ықпал ететін бірнеше себепті атады. Сонымен қатар түйткілді мәселелерді шешу үшін өз ұсыныстарын алға тартты. Атап айтқанда, мемлекеттің бюджет қоржынына аса көлемді шығын келтіріп жатқан салалар аталды.

– Салықты көтерместен бұрын бірінші кезекте еліміздің бюджеттік шығындарының құрылымын мұқият қайта қарастыру аса маңызды деп ойлаймын. Бюджеттің аса орасан көлемдегі үлесі мемлекеттік аппаратты ұстауға, түкке де қажеті жоқ әрі мүлде тиімсіз жобаларды қаржыландыруға, сондай-ақ нақты еш қайтарым бермейтін шығындарға кетіп жатыр. Сондықтан түйткілді мәселелерді іс жүзінде шешу үшін қатаң түрде бюджет ережесін сақтауды бақылауды күшейту қажет. Елдің өзінің экономикасының ішінен резервтерді іздестіру қажет. Еңбек төлемінің қорына салық жүктемесінің 10 пайызға төмендеуі қосымша құн салығы мөлшерлемесінің

# САЛЫҚ РЕФОРМАСЫ СЕРГЕЛДЕҢГЕ САЛМАСЫН...



артуы есебінен өтелмеуге тиіс. Ол дербес салық реформасы болуы қажет, – дейді Ақмола облысы туристік ассоциациясының басшысы, туризм және экология салалық кеңесінің төрағасы Қайрат Сұлтанов.

Жергілікті кәсіпкерлер сонымен қатар қосымша құн салығының өсуі онсыз да жағдайы шатқаяқтап бара жатқан шағын кәсіпкерлердің ахуалын одан сайын тұншықтыратынын айтып, қолданыстағы мөлшерлеменің сол күйі сақталуының маңыздылығын атап өтті. «Ахмадиев С.А» жеке кәсіпкерлігінің жетекшісі Сәдібек Ахмадиевтің айтуынша, қолданыстағы қосымша құн салығын сақтау немесе оны тіркеу кезінде 50 мың айлық есептік көрсеткішке дейін ұлғайтудың мүмкіндігін қарастыруға болады.

– Жаңа салық кодексі жобасында енгізілмеген тағы бір аса маңызды мәселе бизнес ашу кезінде кәсіпкерлердің басым көпшілігі қосымша құн салығы бойынша міндетті есепке қоюға әкелетін салық айналымының өсу мүмкіндігі мен салық салынуы туралы ойлана бермейді. Бүгінде егер кәсіпкердің айналымы 20 мың айлық есептік көрсеткіштен, яғни небәрі 78 640 000 теңгеден асып жығылса, қосымша құн салығы бойынша тіркеу міндеттемесі мен қосымша 12 пайыз салық төлемі туындайды. Мұнымен қоса, аталған талаптар сақталмаған жағдайда қазыналық органдар тарапынан аса қатаң санкциялар қарастырылған, – дейді Сәдібек Ахмадиев.

Өңірдің құрылыс саласындағы кәсіпкерлер қосымша құн салығының өсуі ел экономикасына сүбелі үлес қосып отырған салалардағы жағдайдың да іс жүзінде құлдырауына әкеліп соғатынын жеткізді. Сала мамандарының пікірінше, әлеуметтік инфрақұрылым төлемін бір мезетте енгізу кезінде қосымша құн салығының өсуі құрылыс салушыларға қосымша қаржылық жүктемеге айналмақ. Бұл аймақтың құрылыс саласына да кері ықпалын тигізеді. Сонымен қатар бұл құрылыс нысандарының жалпы құнын да әлдеқайда ұлғайтып, өз кезегінде тұрғын үй мен коммерциялық жылжымайтын мүліктер бағасының да күрт көтерілуіне себеп болмақ. Бағалардың көтерілуі халыққа тұрғын үйлердің қолжетімділігін төмендетіп, тұрғын үйлерді жалдау құнының да бірден шарықтап кетуіне әкеліп соғады. Сонымен қатар салық жүктемелері құрылыстың өзіндік құнын да арттырып, бұл құрылысқа

қажетті материалдар мен қызмет түрлерінің қымбаттауын туғызады. Ал ол өз кезегінде жобалардың тиімділігін төмендетіп, елдегі құрылыс салу көлемінің төмендеуіне елеулі ықпалын тигізбек.

– Елде жалпы инвестициялық тартымдылық төмендейді. Салық жүктемелері инвесторлар үшін қосымша қаржылық қауіптер тудырып, бұл құрылыс секторына бөлінетін инвестициялардың қысқаруына, ал оның салдары саланың даму қарқынының мүлде тежелуіне

босатқан күннің өзінде бұл жағдайды оңалтуға еш ықпал ете алмайды деп санайтындарын жеткізді. KazBeef Processing жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры Азамат Орымбаевтың айтуынша, ауыл шаруашылығымен айналысушы кәсіпкерлер өзіне түсетін пайда көлемін сақтап қалу үшін қазіргі бағаны қалдыруға мәжбүр болады. Сонымен қатар ауыл шаруашылығы тауарын қайта өңдеу қосымша құн салығының өсуіне байланысты үш пайызға және түсетін табысты сақтау үшін тағы 10 пайызға көтеріледі. Ал бюджетке салық көлемі 300 пайызға дейін ұлғайып кетпек.

Ақмола облысының кәсіпкерлер құқығын қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл кеңесінің төрайымы Валентина Герашенко іс жүзінде шағын бизнестің қолдауды қажет ететін, сондықтан қосымша құн салығы бойынша тіркеу үшін қолданыстағы межені сақтау мүмкіндігін айта келе, қосымша құн салығы мөлшерлемесін 14 пайызға дейін көтеруді ұсынды.

– Бастапқыда қосымша құн салығы 20 пайызға дейін көтеріледі делінген. Енді 16 пайыз деп отыр. Неге 14, яки 15 пайыз болмайды. Неге белгілі бір салаларға тек 10 пайыз мөлшерлемесінде болмақ. Мұнда барлығына толықтай жете

**Елімізде қосымша құн салығы бойынша есепке қоюдың қолданыстағы межесін 80 миллион теңгеден 15 миллион теңгеге дейін төмендету де ұсынылған. Жергілікті бизнес өкілдері онсыз да басқа күрделі мәселелерден әбден титықтаған кәсіпкерлер салықты көтерсе, жағдайдың мүлдем ушығатынын айтып, оған нақты ықпал ететін бірнеше себепті атады.**

әкеліп соғады. Тұрғын үйлер мен инфрақұрылымдық нысандарға бағаның өсуі халық тұтынатын өнімдердің де қымбаттауына әкеледі. Бұл тұрғын үй құрылысының мемлекеттік бағдарламаларының да жүзеге асырылуына, сонымен қатар баспана құнының қолжетімділігіне де жағымсыз әсерін тигізбек. Қосымша салық шығындарының салдарынан құрылыс компаниялары қызметкерлер санын қысқартып, тіпті өз қызметін мүлде тоқтатуға мәжбүр болуы мүмкін. Бұл аймақта жұмыссыздық деңгейінің де өсуіне әкеліп соғады. Сондықтан салық реформаларын жүргізу кезінде қосымша құн салығы бойынша жеңілдіктерді сақтап қалу құрылыс саласының да тұрақты дамуының маңызды шарты болмақ, – дейді «Строй Тех ІС» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің басшысы Мұхтар Есенов.

Кәсіпкерлер Үкіметпен көзделген өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығын қосымша құн салығынан

түсініктеме берілуі қажет. Бұл сандар ойыны емес, Қаржы министрлігінің фундаменталды мәселесінің индикаторы, – дейді Валентина Герашенко.

Кәсіпкерлер салық реформаларына жүргізіліп жатқан реформаларды қарастыруда ақмолалық бизнес-қауымдастықтың пікірлері ескерілетініне үмітпен қарайтындарын атап өтті.

– Біз кәсіпкерлеріміздің ұсыныстары мен пікірлерін ұлттық кәсіпкерлер палатасының орталық аппараты арқылы Қаржы министрлігіне жазбаша түрде жолдауды жөн көріп отырмыз. Қосымша құн салығына салық мөлшерлемесі мен қосымша құн салығы бойынша есепке қою межесі барлығы түгелдей таразыға салынып әрі білікті сарапшылардың, кәсіпкерлердің, оның ішінде бизнес сарапшылары мен депутаттардың пікірлері мен ұсыныстары ескеріле отырып қабылдануы тиіс деп санаймыз, – деді Ақмола облысы кәсіпкерлер палатасының директоры Ерқанат Мұсылманбек.

**P.S.**

**Қалай дегенмен де, халықты сарыуайымға, ал кәсіпкерлерді сергелдеңге салған салық айналасындағы қазіргі жағдайды әлі де болса тәптіштей қарап, өгіздің де өлмей, арбаның да сынбауын бақылауға алған жөн сияқты. Бұл орайда Үкімет пен құзырлы министрліктердің, сондай-ақ сала мамандарының іскерлігі мен біліктілігі, сондай-ақ бірінші кезекте жауапкершілігі сынға түспек...**

**А. АЛПЫСБАЙ**

## 1 НАУРЫЗ – АЛҒЫС АЙТУ КҮНІ

1 НАУРЫЗ 2025 | СЕНБІ

Алғыс айту күні – жай ғана мереке емес, ел бірлігін, татулық пен ынтымақтастықты бейнелейтін маңызды күн. Бұл дата тарихи оқиғаларды еске салып, қазақстандықтарды мейірімге, ризашылыққа және ауызбіршілікке шақырады. 2016 жылдан бері елімізде тойланатын бұл мерекені биыл қазақстандықтар оныншы жыл қатарынан тойлап келеді. Ендеше мерекенің алғаш шығу тарихы мен маңызына тоқталайық.

дарыған. Сондықтан көктемнің алғашқы күні алғыс айту мерекесінде ең алдымен айналамыздағы адамдармен жақын болуымыз керек. Мен ең алдымен қазақ еліме, кең-байтақ жеріме шын жүректен алғысымды білдіремін! Туы көкте желбіреген, Әнұраны асқақтаған еліме алғыс білдіремін! Еліміздің

## ӘЛЕМ ХАЛҚЫ ДА АТАП ӨТЕДІ

Алғыс айту күні біздің елімізде ғана емес, әлемнің түкпір-түкпірінде де атап өтіліп жүр. Мысалы, әлемдік жылнамада АҚШ-та 1621 жылы ағылшын колонистерінің бастамасымен күнтізбеге «ризашылық» білдіретін күн енгізіледі. Қаһарлы қыста аштықтан зардап шеккен жұрттың көңіл күйін көтеру үшін губернатор Уильям Брэдфорд Алғыс айту күнін белгілейді. Қараша айының төртінші бейсенбесінде атап өтілетін мереке астық жинау мезгілімен тұспа-тұс келеді. Ұлттық күнтізбеге енген осы мерекенің түпкі идеялық мәні америкалықтардың өз Конституциясына ризашылық білдіруіне негізделген. Осылайша, Алғыс айту күні нағыз ұлттық мереке ретінде 1863 жылы АҚШ-тағы Азамат соғысы кезінде тараптарды бір дастарқанға шақырудан басталды.

Оңтүстік Кореяда – Чхусок мерекесі тойланады. Бұл ата-бабаларға алғыс айту мерекесі, онда отбасылар жиналып, өздерінің ата-бабаларына құрмет көрсетіп, отбасы тарихын еске алады.

Бұдан бөлек Израиль халқы да Суккот мерекесі – алғыс айту күнін 3000 жылдан бері тойлап келеді. Құдайға құлшылық етіп, мол астық бергеніне ризашылық білдіру ретінде Астық ору мерекесін атап өтетін олар осы мереке қарсаңында күзде мол астық алып, халыққа қамқорлық танытқаны үшін жаратушыға ризашылық білдіреді.

Ал 1957 жылдан бері Канадада да Алғыс айту күні қазанның екінші дүйсенбісінде аталып келеді. Канадада бұл мерекенің шығу тарихы ауыл шаруашылығы өнімдерін жинаудан бастау алады. Германияда алғыс айту мейрамын Erntedankfest деп атайды, ол қазан айының алғашқы жексенбісінде егін алқабында тойланады. Келесі жылы да егін түсімі осылай мол болсын деген ниетпен тамаша табиғатқа, орман, көкөніс, жеміс-жидек тарту еткен тағдырға алғыс айтады. Дастарқанға Германияның дәстүрлі тағамдарын, жаңа піскен көкөніс, жеміс-жидек, дәнді-дақыл, өзге де дәмді-тәттілер қойылады.

# АЛҒЫС АРҚАЛАҒАН АЛАШ: ТАРИХ пен ТАҒЫЛЫМ

**А** Наурызбек САРША

## БІРЛІК ПЕН БАУЫРМАЛДЫҚТЫҢ ҮЛГІСІ

Алғыс айту күнінің Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылған күнімен сәйкес келуінде үлкен мән бар. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Кеңес үкіметі көптеген халықты күштеп көшіруге шешім қабылдады. Жалпы, мәліметтерге сенсек, XX ғасырдың басында қазақ жеріне бес жарым миллионнан астам адам жер аударылған. 1937 жылы Кеңес билігі Қиыр Шығыста тұратын көрістерді «жапон барлау қызметімен байланысы бар» деп күдіктеніп, 172 мыңға жуық кәрісті күштеп Қазақстан мен Өзбекстанға депортацияласа, 1941 жылы Поволжье немістерін «фашистермен ынтымақтасуы мүмкін» деген желеумен Қазақстан мен Сібірге қоныс аударып, шамамен 400 мың неміс Қазақстанға көшірілген. 1943–1944 жылдары Кавказ халықтары – шешендер, ингуштар, карашайлар, балкарлар, қалмақтар, қырым татарлары және басқа да этностар жаппай жер аударылды. Кеңес билігі оларды «Отанын сатты» деп айыптап, Қазақстанға 500 мыңға жуық шешен мен ингуш көшірілді. Соғыстан кейін де депортация жалғасты. 1947–1950 жылдары Қазақстан мен Сібірге украиндар, белорустар және молдовандар қоныс аударды. Кеңес билігі оларды ұлтшыл қозғалыстармен байланысы бар деп айыптады. 1953 жылы Сталин қайтыс болғаннан кейін репрессиялық арнайы режим біртіндеп жеңілдеп, 1957–1958 жылдары шешендер, ингуштар, қалмақтар сияқты халықтарға өз тарихи Отанына оралуға рұқсат берілді. Алайда кәрістермен немістердің басым бөлігі Қазақстанда қалып қойды. Депортация нәтижесінде Қазақстан халқының этникалық құрамы түбегейлі өзгерді. XX ғасырдың ортасына қарай республикада 100-ден астам этнос өкілі өмір сүрді. Мәселен, 1939 жылғы санақ бойынша, Қазақстанда немістердің саны 90 мың болса, 1959 жылы бұл көрсеткіш 660 мыңға жетті. Сол сияқты кәрістердің, шешендердің, ингуштардың және басқа да халықтардың саны күрт өсті.

Сол жылдары қазақ халқы қуғын-сүргінге ұшыраған орыс, кәріс, украин және поляк сияқты ұлттарға көмек қолын ұсынған. Көп ұзамай 2016 жылдың 14 қаңтарында Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылған күнін, яғни 1 наурызды Алғыс айту күні етіп жариялады. Дәл осы күні «Қазақстан Республикасындағы кәсіптік және өзге де мерекелер туралы» Жарлығына өзгерістер мен толық-



тырулар енгізіліп, қазақстандықтар алғаш рет 2016 жылдың 1 наурызында ерекше мерекені атап өтуді бастап кетті.

Бұл күн – елімізде тұратын түрлі этнос өкілі қазақ халқына ерекше ризашылығын білдіріп, қиын заманда құшақ жая қарсы алғанына, жатсынбай бауырына басып, тату-тәтті өмір сүріп жатқанына алғыс айтатын күні.

## ТАТУЛЫҚ ПЕН ҮЙЛЕСІМНІҢ НЕГІЗІ

1995 жылы 1 наурызда Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылды. Демек, Алғыс айту күнінің нәтижесінде дәл осы күні тойланатыны түсінікті. Биыл құрылғанына 30 жыл толып отырған Қазақстан халқы Ассамблеясы барлық ұлт пен ұлысты бір шаңырақ астына топтастырып отыр. Иә, қазір Отанымыздың түкпір-түкпірінде әртүрлі ұлт өкілі ел ертеніне үлес қосып, еңбек етіп, бейбіт өмір сүріп жатыр. ҚХА мүшесі, Ұйғыр этномәдени бірлестігінің төрайымы Наргизам Махмудова да бұл күннің маңызы зор екенін айтады.

«Биыл 30 жылдыққа байланысты Қазақстан халқы Ассамблеясы үлкен дайындықты бастап та кетті. Осыған орай 400-ден астам іс-шара ұйымдастыру жоспарланып отыр. Күнделікті өмірде, әрине, Жаратушыға, ата-анамызға, жақын дос-жаранға, туыстуғанға алғыс айтып жатамыз. Десек те, бұл күні қиын-қыстау заманда қорғансызға қорған болып, панасызға пана болған ортақ Отанымыз – қазақ еліне алғыс айтуымыз керек. Біз осы уақыт аралығында қазақ елімен біртұтас

“**Депортация нәтижесінде Қазақстан халқының этникалық құрамы түбегейлі өзгерді. XX ғасырдың ортасына қарай республикада 100-ден астам этнос өкілі өмір сүрді. Мәселен, 1939 жылғы санақ бойынша, Қазақстанда немістердің саны 90 мың болса, 1959 жылы бұл көрсеткіш 660 мыңға жетті.**”

елге айналып, бір отбасы секілді болып кеттік. Мұның барлығы қазақтың дарқан пейілінің, шексіз мейірбандығының көрінісі. Еліміздегі барша өзге ұлт өкілінің атынан меймандос қазақ еліне зор алғысымды айтқым келеді. Алғыс айта отырып, Отанымыздың гүлденуіне, көк Туымыздың көкте желбіреуіне өз үлесімізді қоса береміз», – дейді ол.

Бұл тілекке «Ассамблея жастары» РҚБ мүшесі, қазақ тілі оқытушысы Алина Кан да қосылып былай дейді: «Тарихтың ауыр кезеңдерінде қазақ халқы жер аударылған жүздеген мың адамды бауырына басып, барымен бөлісті, бір үзім нанды тең бөліп жеді. Бүгінде Қазақстан – татулық пен бірліктің символы, бейбіт өмір сүріп жатқан көптеген этностың ортақ үйі. Осы жарқын мерекеледе әрбіріміз жүрегіміздегі ризашылық сезімін білдірейік. Біздің елімізде әрқашан достық, бейбітшілік пен ынтымақ үстемдік құрсын!».

ҚХА «Алтын шаңырақ» Аналар кеңесінің төрайымы Жанар Әбіштің алғысы ерекше өрлі: «Қазақ «кең болсаң, кем болмайсың» деген. Кішіпейілділік, кешірімді болу, алғыс айта білу секілді қасиеттер қанымызбен бойымызға

бейбітшілігі мен тыныштығына, біртұтастығы мен тұрақтылығына, берекесі мен мерекесіне, этнос ұлыстарымен татулыққа ғұмыр кешіп жатқан мемлекетімізге алғыс білдіремін! Тәуелсіздігіміз мәңгі, болашағымыз жарқын болғай!», – дейді алғыс арнаған ол.

## Түйін:

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бұл мереке туралы «ұлтымыздың салт-санасында берік қалыптасқан достық, қайырымдылық және ынтымақ сынды мызғымас құндылықтар кеңінен дәріптелетін, қиын-қыстау замандарда мейірімділік пен жанашырлық таныта білген әрі бірлігін бекем еткен халқымыздың ізгі қасиеттерін жадымызда жаңғыртатынын айтады. Біз еліміздің ауызбіршілігін сақтай білсек, кез келген қиындықты еңсереміз. Әділетті Қазақстанды құрып, елімізді одан әрі өркендету береміз деп сенемін. Баршаңызға зор денсаулық, бақ-береке және толағай табыс тілеймін!» деп барша Қазақстандыққа сенім білдірген еді.

Бүгінде елде 130-ға тарта ұлт пен ұлыс бірлікте, ынтымақта өмір сүруде. Осы ретте Алматы, Батыс Қазақстан, Жамбыл және Түркістан облыстарында «Қазақ еліне мың алғыс» атты монументтер бой көтерген. Бұл ескерткіштерді еліміздегі түрлі этностық топтар басына күн туған кезде бауырына басқан қазақтың жері мен еліне алғыс ретінде өз бастамаларымен тұрғызған болатын. Алғыс арқалаған Алаш жұртының ғұмыры ұзақ болып, береке-бірлігі беки түссін дейміз.




## БІЗДІҢ СҰХБАТ

1 НАУРЫЗ 2025 | СЕНБІ

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметінше, инсульт пен инфаркт өлімге апаратын 10 басты дерттің ішінде көш бастап тұр. Әлемде күн сайын шамамен 20 мың адам инфаркттен қайтыс болады екен. Ал дәрігерлер «инфаркт жасарып жатыр» деп дабыл қағуда. Осыған орай кардиолог Гүлжан Жаңалықовамен жүрек аурулары және дәрігер мәртебесіне қатысты әңгімелестік.

**Гүлжан ЖАҢАЛЫҚОВА,**  
дәрігер-кардиолог:



– Жүрек-қан тамырлары ауруларына шалдығудың басты факторлары қандай?

– Ең бірінші фактор – тұқым қуалаушылық. Яғни, генетикалық фактор. Егер де ата-анасында жүрек ауруы немесе кенеттен өлім болса, ол балаға берілуі мүмкін. Келесі фактор – атеросклероз. Жүректің артерияларының май тіндерімен бітелуі. Мұндай кезде жүректің тамырлары тарылып, ағзаны қанмен қамтамасыз ету нашарлайды. Соның салдарынан жүректің ишемиялық ауруы, стенокардия, миокард инфарктісі сияқты аурулар туындайды. Сонымен қатар жоғары қан қысымы кезінде де жүрек ауруы пайда болады. Жоғары қан қысымы жүректің артерияларының ішкі қабырғаларын, бұлшықетін зақымдап, жүрек клапандарының кеңеюіне, жүрек бұлшықетінің гипертрофиясына әкеледі. Тағы да айта кететін фактор – қант диабеті. Қант диабеті кезінде жүрек ауруы тез дамиды. Себебі қандағы қант деңгейі жоғары болатын болса, қан тез қоюланып, жүректің артерияларын атеросклерозды тіндермен бітеп, тамырдың тарылуына әкеледі. Одан кейінгі фактор – дұрыс тамақтанбаудан, семіздіктен. Гиподинамия, яғни физикалық белсенділік төмендеген кезде жүрекке күш түседі. Соның салдарынан жүрек ауруы туындауы мүмкін. Соңғы фактор – зиянды әдеттер. Шылым шегу, алкоголь, энергетикалық сусындар ішу де жүректің тамырларын зақымдайды. Осылайша, жүрек аурулары пайда болады. Айта кету керек, қазір адамдар жиі күйзеліске түседі. Стресс кезінде бүйрекүсті безінен кортизол гармоны бөлінеді. Негізі бұл гармон таңғы уақытта бөлінуі керек. Егер адам күнделікті күйзелісте жүрсе, кортизол да күндізгі уақытта бөлініп, қан қысымының жоғарлауына әкеледі.

– Қазір ЖРВИ өршіп тұрған уақыт. Жалпы, вирустық аурулар жүрекке қалай әсер етеді?

– Көп жағдайда тұмаумен, ангинамен ауырғаннан кейін дә-

рігерге қаралып, емделмесе, вирусқа қарсы антибиотиктерді уақытында қабылдамаса, жүректің жасушалары зақымдануы мүмкін. Вирусты инфекциялар жүректің бұлшықеті қабатын да зақымдап, миокардит ауруы туындайды. Жүректің ішкі эндокарды зақымдалған кезде инфекциялық эндокардитке алып келеді. Герпес, эпштейн барр, цитомегаловирус инфекциялары кезінде кардиомиопатия ауруы пайда болуы мүмкін. Егер жүкті әйел вирусты аурулармен ауыратын болса, ішіндегі бала туа бітті жүрек ауруымен туылады. Сондықтан тұмау, ангина уақытында емдеуден ерінбеу керек.

– Иә, статистика бойынша елімізде жыл сайын 5 000 сәби жүрек ақауымен дүниеге келеді екен. Жалпы, туа бітті жүрек ауруы баланың дамуын тежей ме?

– Жүректің туа бітті ауруы – күн тәртібіндегі мәселелердің бірі. Бұрынғы кезде жүрек ауруын анықтайтын зерттеу әдістері болмағандықтан, дүние есігін ашқан сәбилер тез шетінеп кететін еді. Қазір медицина дамып, жүкті әйелдің ішіндегі баланың жүрегін бақылайтын деңгейге жеттік. Бала аман-есен дүниеге келуі үшін анасы да өз денсаулығына бейжай қарамауы керек. Алдын ала тексерістерден өтіп, жүкті кезде вирустық ауруларды жұқтырудан сақ болғаны абзал. Өйткені инфекция қан арқылы баланың жүрегін зақымдайды. Туа бітті

жүрек ауруы баланың дамуына да кері әсер етеді. Яғни, мұндай диагнозы бар балалар салмақ қоспауы, кеш сөйлеуі мүмкін. Егер баланың ерін, мұрын айналасында көгеру, тез шаршап қалу, тершендік, еңгіу белгілері байқалатын болса, міндетті түрде жүректі ультрадыбыстық әдіспен тексеру керек.

– Жүрек ауруы адам жасына байланысты пайда болуы мүмкін бе?



*Қазір жүрек ауруы жас таңдамайды. Жаңа туған нәрестелердің де, жасөспірімдер мен ересектердің де арасында жүрек ауруына шалдыққандар бар. Сондықтан әр адам өзінің өмір сүру салтына жауапкершілікпен қарап, дұрыс тамақтануы керек. Себебі қазір ағзаңызға салғырт қарасаңыз, болашақта оның зияны балаларыңызға да берілуі мүмкін.*

– Қазір жүрек ауруы жас таңдамайды. Жаңа туған нәрестелердің де, жасөспірімдер мен ересектердің де арасында жүрек ауруына шалдыққандар бар. Сондықтан әр адам өзінің өмір сүру салтына жауапкершілікпен қарап, дұрыс тамақтануы керек. Себебі қазір ағзаңызға салғырт қарасаңыз, болашақта оның зияны балаларыңызға да берілуі мүмкін.

– «Алдыма келетін науқастардың басым бөлігінде артық салмақ бар» деп айттыңыз. Семіздік қандай ауруларға әкеледі? Қалай күресу керек?

– Иә, артық салмағы бар адамдар көбейіп келеді. Өйткені адамдардың тұтынатын тамақтары тез дайындалатын тағамдармен газдалған сусындар. Олардың құрамында көмірсу өте көп деңгейде. Мысалы, 1 литр тәтті сусынның құрамында 12 ас қасық қант болады. Сөз басында айтқанымдай, қант қанға түскеннен кейін тез қоюланып, тромбқа айналуы мүмкін. Сондықтан артық салмаққа үлкен проблема ретінде қарауымыз керек. Әсіресе, офиста, бір орында отырып жұмыс істейтін адамдардың қан айналымы бұзылады. Жүрек адам ағзасында матордың қызметін атқарады. Сондықтан жүрек жақсы жұмыс істеп тұруы үшін әр адам күніне он мың қадам үзбей жасауы қажет. Тамақтың рационалына көкөністерді қосу керек. Сол кезде ешқандай ауру да болмайды.

майды. Кез келген адам «қаным қою» деп өздігінен ішуіне де болмайды. Тек кардиолог дәрігердің нұсқауымен қабылдауы тиіс. Ұзақ уақыт аспиринді ішкеннен мұрыннан, тік ішектен, асқазан эрозиясы мен жарасынан қан кетуі мүмкін. Соның салдарынан көп адамдарда анемия ауруы туындайды.

– Қазір дәрігерлер «инфаркт жасарып жатыр» деп дабыл қағуда. Шынымен де, көп адам жүрегі ауыратынын кеш біледі. Осылайша, өмірімен қоштасып жатқандар көп. Жалпы, жасырын жүрек ауруының қандай да бір белгілері бола ма?

– Иә, егер еңгіу пайда болса, ол – жүрек ауруының белгісі. Бірақ кейбір науқастарда ешқандай шағым болмайды. Сол себепті де жылына 1 рет экг, эхокг, холестерин, лпнп, кардиолог кеңесін, зерттеу әдістерін өту өте маңызды.

– «Дәрігер мәртебесін арттыру керек» деген пікірді жиі айтып жүрсіз. Қазір елімізде дәрігерлерге құрмет қай деңгейде?

– Көп дәрігердің жүктемесі ауыр. Оны түсініп жатқан науқастар да аз. Олар дәрігерлерге дөрекі сөйлеп, тіпті қол көтеруге дейін жеткен жағдайларды көріп жүрміз. Әсіресе, участкелік дәрігерлер

– «Қан қысымын түсіреміз» деп адамдар білместікпен көп жағдайда аспириін тағы сол сияқты препараттар қолданады. Бұл қаншалықты дұрыс?

– Ацетилсалицил қышқылы, яғни аспирин дәрісінің екі эффектісі болады. Бірінші, антиагрегант, яғни қанды сұйытатын, қабынуға қарсы дәрі. Аспиринді кардиологияда көп жағдайда жедел

баланы да ересекті де қабылдап, үй аралайды. Сондықтан науқастар дәрігерлерге сыйластықпен қараса деп ойлаймын. Адам денсаулығына жауапты дәрігерлерге диагноз қою, емдеу, зерттеу әдістеріне қарап науқасқа жедел көмек көрсету оңай емес. Кейде біз 1-2 секунд ішінде науқастың шағымдарына қарап шешім қабылдауымыз керек болады. Алайда көп жағдайда науқастар агрессия көрсетіп жатады. Сонда дәрігер науқастардан үнемі қорқып отыруы керек пе? Осыдан 2 жыл бұрын қабылдауыма бір науқас жазылды. Кореядан 2 миллион теңгеге кешенді тексерілуден өтіп келіпті. Бірақ Оңтүстік Корея, Түркия сияқты дамыған елдерде дәрігерлер науқасқа анализ қорытындыларын «жағдайыңыз қалыпты» деп бір ауыз сөзбен ғана түсіндіреді. Ал біз алдымызға келген адамға бірнеше қайталап, жіліктеп түсіндіріп береміз. Керек болса, жазып та қолына ұстатамыз. Содан әлгі науқас менің қабылдауыма тапсырған анализ қорытындысын қайта қаратуға келіпті. Неге сол науқастар шетелдің клиникаларында «түсіндірмедіңіз» деп жанжал шығармайды? Өйткені ол жактын дәрігерлері өздеріне құрметті талап етеді. Ал біздің дәрігерлер аз айлыққа әр науқастан сөз естіп жұмыс істейді.

– Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан  
Көктем ҚАРҚЫН

## ТАҒЫЛЫМ

1 НАУРЫЗ 2025 | СЕНБІ

**Қазақ «бесік тербеткен үйде береке бар» деп жаңа туған нәрестені бесікке бөлеген. Бесікке немқұрайды қарамай, бетін ашық тастамай, кие тұтқан. Тіпті, әкесі жатқан бесікке кейін балаларын да бөлеп, мұра ретінде келер ұрпаққа қалдырып отырған. Заман ауысқан сайын бесікке деген адамдардың түсінігі де өзгергендей. Қазір қасиет тұтқан бесігіміз қараусыз қалды. Кейбір жұрт керексіз санап, қоқысқа тастап та жүр. Біз қаладағы қазақтың шаңырағынан бесік іздедік...**



# Бесік ізген

## БЕСІККЕ БӨЛЕП, ӨКІНІП ҚАЛҒАН

Қазір бесіктің де түр-түрі көбейіпті. Смарт бесік, жинамалы бесік, ағаш бесік арасынан өзіңізге керегін тандап алуға болады. Бағасы да әртүрлі. Біз бесік іздеп, интернет дүкендерге де хабарласып көрдік. Смарт бесіктің бағасы 80 мың теңгеден, ал жинамалы бесіктің бағасы 45 мың теңгеден басталады екен. Ал бесіктің ішкі жабдықтарына безендірілуіне қарай 30 мың теңгенің айналасында.

— Біз экологиялық таза, сапалы, ұлттық накышта заман талабына сай бесік жасап жүрміз. Бесіктің бағасы қол арбадан әлдеқайда арзан. Бірақ сұраныс аз. Көбіне сәбидің нағашылары «бесік тойға апарамыз» деп алады. Әсіресе, оңтүстік, батыс өңірлерден тапсырыс жиі түседі, — дейді біз хабарласқан бесік жасаушы шебер Арыстан Асхатұлы.

Дегенмен ғаламтор бетінде жаңа бесікпен қатар ескі бесіктердің де жарнамасы қаптап тұр. Бір рет қолданыста болған бесіктің бағасы — 15 мың теңге екен. Тіпті, қажетіңізге жаратсаңыз, тегін беремін дегендер де бар. Солардың бірі — Шолпан Байсұлтанова. Екі баланың анасы тұңғышын бесікке бөлеп, қателік жасағанын айтты.

— Бірінші балам қырқынан шыққан соң бесікке салдық. Ағаш ана атанғанда тәжірибем аз еді. Ұлым бесікте жатқанда шырылдап көп жылайтын. Біз түнімен тербетіп, ұйықтатып тастап жүрдік. Сөйтсек, баламның жамбас дисплазиясы бар екен. Бұл диагнозы үш айдан кейін білдік. Кейін массаж жасатсақ та, ұршығы орнына келмеді. Қазір аяғын қисық басып жүреді. Ал екінші баламды бесікке салған жоқпыз. Үйдегі бесік жап-жаңа. Бос тұрғанша керек еткен жанға берейін дедім, — дейді Шолпан Байсұлтанова.

Оның айтуынша, баланы бесікке бөлеп, қымтап тастағаннан денесіне түрлі бөртпе шығып кетеді. Баланы кішкентайынан аяқ-қолын ашық ұстап, еркін өсірген дұрыс. Бесікке ұзақ жатқан сәбидің жауырыны жабысып қалады. Ал оны ашу кез келген адамның қолынан келмейді.

— Қазір баланы бесікке бөлеп қажет емес деп ойлаймын. Көбі «бала тыныш ұйықтайтын болады» деп айтады. Ұйықтаса ұйықтайтын шығар бірақ баланы қымтаған дұрыс емес. Бәрібір сәбидің бос жатқаны жақсы. Бесікте тербеткенде миы шайқалуы мүмкін. Бір жағынан, бала көп жатса басының формасы өзгеріп, жалпып қалады. Ол болашақта баланың дамуына кері әсерін тигізеді, — дейді жас ана Гаухар Жарқынова.

## ЖАМБАС ДИСПАЗИЯСЫ КӨБЕЙГЕН

Педиатрлар да бесікте ұзақ жатқан баланың жауырыны жабысып, түрлі ауруға шалдығатынын алға тартты. Сондай-ақ баланы бесікке қатты бөлеп қою, омыртқа иілістері дұрыс қалыптаспай қалуына әсер етуі мүмкін. Қазір бұрынғыдай емес үй температурасы да жоғары. Ал оранып жатқан сәби көп терлесе, рахит ауруына шалдығуы ықтимал. Екіншіден, бесікке жатқан баланың қан айналымы дұрыс болмағандықтан басы үлкейіп, аяғының ұршығы шығып кетеді. Қазір дисплазия ауруына шалдыққандар жетерлік. Демек, бесікке таңылған баланың жамбас буыны ішіндегі сүйек дұрыс жетілмейді деген сөз. Үшіншіден, бесікке бөлеген баланы тербету арқылы біз оны талдырып тастап жүрміз. Баланы былай қойып, ересек адамның аяқ-қолын байлап, тербетсеңіз басы айналып, талып қалар еді.

— Бесік балаға ертеректе жақсы болғаны рас. Киіз үй, ортада ошақ, әйел адам далаға шаруаларымен жиі шығатын. Баланың өміріне қатер туғызбай, жылы жерде жатуына бесік ыңғайлы еді. Сәбиді 2 жасына дейін бесікке бөлейтін. Ал қазір ананың толықтай баласына қарауына барлық мүмкіндік бар. Соңғы кезде жамбас дисплазиясы диагнозы жиі кездеседі. Әсіресе, бесікке жататын балалардың ұршықтары дұрыс дамымай немесе орнында тұрмайды. Сондықтан нәрестені қатты орамай, бос ұстаған дұрыс. Аяқ-қолын құрсақта жатқан кездегі бүгіп жатуына мүмкіндік туғызу қажет. Педиатрдың ғана емес, ортопедтердің де пікірі

лаушы, «ағайынды Жүгінісовтердің» анасы Айнұр Жүгінісова балалары мен немерелерін бесікке бөлегенін, одан ешқандай зиян көрмегенін айтты.

— Бесіктің қалай жасалатынын «зиян» деп жүргендер білетін болса, қазіргі балалар арбасы қолданыстан біржолата қалар еді. Өйткені арба әртүрлі ерітілген пластиктен жасалса, бесік таза ағаштан жасалады. Бесікті жырдың ырғағымен тербетіліп тұратын механизммен жасаған. Көбі бесікте жатқан баланың «басы шайқалып қалады» дейді. Мәнін ойымша, баланың миы бесіктен емес, арбадан шайқалып қалады. Себебі арбада тепе-теңдік жоқ. Қол-аяғын кішкентайынан бос жіберген бала кейін агрессивті болып өседі. Ал бесікке жатқан бала сабыр мен шыдамды бойына сіңіріп, сергек болып ержетеді. Кеудесі жабулы, жылы жатқан бала көп аурушаңда болмайды. Ал еркін жатқан бала, өз қолынан өзі шошығыш болады. Арба мен төсектен құлап, жаракат алған қан-

лер бесікті кепкен тал ағашынан, яғни жеңіл ағаштан жасайтын, яғни экологиялық таза бұйым. Қазіргі базардағы бесіктердің салмағы ауыр, себебі сату үшін кеппеген ағаштан жасайды, сырлайды. Бұрынғының бояуы да табиғи, охра не жоса еді.

— Бұған қоса, қазіргі адамдардың басым бөлігі көпқабатты, құрылысына цемент пен бетон қолданылатын үйде тұрады, яғни қазіргі тұрғын үйлер экология таза орта болып саналмайды. Бесікті жапқышпен жапқан кезде балаға ауа дұрыс жетпейді. Қазіргі бесіктің ішіне мақта салынған мамығын да таза экологиялық масаты, шұға, шыт матадан емес, велюр сияқты құрамында синтетика аралас матадан тігіп сағады. Салдарынан бесіктегі бала терлейді, термен бірге денедегі су кетеді, — деді профессор Тәттігүл Қартаева.

Қазір бесікке салар тойда келін төркінінің, яғни жаңа туған баланың нағашылары бесік әкелгенін көріп жүрміз. Этнографтың пікірінше, бесік — атадан балаға мұра болып келе жатқан дүние. Бұрын әкесі бөленген бесікке баласы, ағасы, әпкесі жатқан бесікке қарындасы бөленетін. Ал қыздың шешесінің бесік апаруы ХХ ғасырдың 60-70-жылдары қазақ жерінің оңтүстік өңірінде қалыптасқан. Бұл осы өңірде өзбек ағайындармен көршілес қонудың этномәдени әсерінен туындаған. Қазақ елінің батыс өңірінде, Сырдарияның төменгі ағысы — Қазалы мен Аралда бесік әлі де мұрагерлікке беріліп келеді, нағашыларынан бесік қабылдамайды.

— Бесікке салу бұрынғы тек әйелдер атқаратын отбасылық, әулеттік ғұрып болған, яғни үйде, өз шаңырағында, отының басында атқарылды. Қазір тойханаға бе-

## ЖҮРМІЗ



**Қазір бесіктің де түр-түрі көбейіпті. Смарт бесік, жинамалы бесік, ағаш бесік арасынан өзіңізге керегін тандап алуға болады. Бағасы да әртүрлі. Біз бесік іздеп, интернет дүкендерге де хабарласып көрдік. Смарт бесіктің бағасы 80 мың теңгеден, ал жинамалы бесіктің бағасы 45 мың теңгеден басталады екен.**

осындай, — дейді балалар дәрігері Матай Есенғалиқызы.

Педиатрдың пікірін балалар массажының маманы Махамбет Нұрмаханбет те растап отыр. Оның айтуынша, бесікті памперс жөргектерімен салыстырсақ, баланың тазалығы мен гигиенасына бесік жақсырақ. Бесікке жатқан баланың бұты жиі аллергиямен қызармайды және тұз да жиналмайды.

— Алайда бала бесікте таңнан кешке дейін ұзақ жататын болса, екі жамбасын қатты қысып тастаса, қан айналымы жүрмей, баланың ұршығы кеш дамиды. Жалпы, дені сау баланы бесікке жатқызып ешқандай зияны жоқ. Тек бас сүйек қысымы, жамбас дисплазиясы болса, бесікке бөлеуге болмайды, — дейді Махамбет Нұрмаханбет.

## БЕСІКТІ ҚАДІРІНЕ ЖЕТЕ АЛМАЙ ЖҮРМІЗ

Бүгінде бесікті сирек қолданғандықтан, «Бесікке бөлеу», «Бесік жыры», «Тыштыма» секілді ұлттық салт-дәстүріміз де күн санап жоғалып барады. «Қазақ аналары» жобасының негізін қа-

шама бала бар. Мен де балаларым мен немерелерімді еңбектегенше бесікке бөледім, — дейді Айнұр Жүгінісова.

Бүгінгінің аналары жан тыныштығын ойлап, баласын бесікке жөргекпен де бөлеп жүр. Ал тағы бірі сәбиінің кіндігі түспей бесікке таңаға асығады. Қайсысы дұрыс екенін «Қазақ аналары» жобасының негізін қалаушыдан сұрап көрдік.

— Сонда бесіктің шүмегі мен түбегі не үшін жасалған? Еріншек аналар түбекті тазалауға қиналып, баланың обалына қалып жүр. Қазақ ешқашан сәбиді жөргекпен бесікке бөлемеген. Иә, біреулер баланы қырқынан шыққаннан кейін бөлесе, енді біреулер баласы ту салып бөлейді. Негізі баланы кіндігі түскеннен кейін бөлеу керек. Өйткені бала басында қолға ұстағанға үйреніп алса, кейін бесікке жатпай қояды, — дейді Айнұр Жүгінісова.

Этнограф-ғалым Тәттігүл Қартаеваның айтуынша, дәрігерлердің баланы бесікке бөлеуге қарсы болуына бесіктің экологиялық таза ағаштан жасалмайтыны себеп болып отыр. Бұрын шебер-

сікті апарып, тойханада салу орын алып келеді. Бесік қасиетті дүние, сол қасиетті дүниені «тойханаға» тасу дәстүрлі танымызға қайшы келеді. Тіпті, «бесік тойға» ер адамдың баруы етек алды. Ертеде күйеуге шыққан қыз балалы болғаннан кейін арнайы «төркіндеп барып» баласына малмен берілетін «жиен сыбағасын» алып қайтқан, қазіргі нағашыларының «бесік тойға» кәде апаруы, сол өткен ғасырда туындаған өзгерістермен бірге қалыптасып, қазір асыра сілтеушілікке айналды, — дейді Тәттігүл Қартаева.

Қазақтың батыры Бауыржан Момышұлының келіні Зейнеп Ахметова апамыз бір сөзінде: «Қазақ халқы шаңырақты, бесікті, табалдырықты қасиет тұтқан. Бұл үшеуін ешқашан аяқпен баспаған. Бұл үшеуі қашанда бірімен бірі байланысып, ұштасып жатады. Осынау қасиетті үш затты қатты тозып, тым ескірген кезде де аяқтың астына тастамай, өртеп жіберетін болған әрі күлін де аяқасты қылмай, көміп тастаған» дейді. Алайда бүгінде бесік бала ұйықтайтын киелі мәртебесінен түсіп, тойханада нағашы абыройын көтеретін бұйымға айналып қалғаны өкінішті...

Кербез ЕСІМ

## АЙМАҚ

1 НАУРЫЗ 2025 | СЕНБІ

ТАСҚЫН ТОСЫННАН  
БОЛМАСЫН ДЕСЕК...

Батыс Қазақстан облысы Прокуратурасы 2024 жылғы тасқын кезінде атқарылған жұмыстарға, жұмсалған қаржы көздерінің заңдылығына тексеріс жүргізген. Прокуратура өкілдері бірнеше заң бұзушылықтарды анықтаған. Ол туралы БҚО әкімдігінде өткен үйлестіру кеңесінде мәлім болды. Кеңесті жүргізген БҚО прокуроры Серік Шалабаев биылғы тасқынға қарсы жасалып жатқан жұмыстардың әлі де шала екенін атап өтті.

**А** **Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА,**  
Батыс Қазақстан облысы

Прокуратура өкілдері атқарушы биліктің төтенше жағдай кезінде облысты қорғау үшін жасалған негізгі шараларына тексеріс жүргізген. Үйлестіру кеңесінде бірінші болып сөз алған БҚО прокурорының айтуынша, біраз кемшіліктер кеткен.

— Былтыр су тасқынына қарсы жұмыстар кезінде біраз кемшіліктер кетті. Біз оны тексеріс кезінде анықтадық. БҚО биылғы су тасқынына толық дайын деп айта алмаймыз. Қазір де ұйымдастыру жұмыстарында олқылықтар бар. Шамамен, әлі бір айдай уақыт барын ескерсек, біз атап өткен олқылықтарды толық жоюға уақыт бар екенін атап өткім келеді, — деді үйлестіру кеңесінде сөз алған БҚО прокуроры Серік Шалабаев.

Қазір облыста су тасқынына қарсы жұмыстардың негізгі бағыты — бөгеттер салу мен су каналдарын қазу бағытында жүріп жатыр.

Мұнымен қоса, су қоймаларын мемлекет балансына алу, жөндеу жұмыстары да жүрде. Прокуратура өкілдері дәл осы жұмыстар кезінде жіберілген бірнеше олқылықты анықтапты.

— Ең алдымен, қаңтар айының аяғына дейін су тасқынына қарсы жұмысты ұйымдастыратын штаб құрылуы керек еді. Бұл штаб облыстық деңгейде құрылды. Бірақ Орал қаласының өзінде қалалық штаб қаңтар айының аяғына дейін құрылмады. Аткарушы билік былтырғы су тасқыны кезіндегі жіберілген кемшіліктерге талдау жасап, қажетті шараларды қолға алмағаны анық байқалады. Биыл Қаратөбе ауданының Аққозы, Шөптікөл, Қоскөл, Ұшағаш ауылдары суға кетуі мүмкін деген қауіп бар. Алайда қазір су тасқынына қарсы бағытталған жұмыстар тек Қаратөбе, Қоскөл, Аққозы ауылдарында ғана жүргізіліп жатыр. Тасқынға қарсы жұмыстар Шөптікөл мен Ұшағаш ауылдарында жүргізілмей отыр, — деді үйлестіру кеңесінде баяндама жасаған БҚО прокурорының бірінші орынбасары Дәурен Умарғалиев.

— Орал қаласында және аудандарда 38 бөгеттің құрылысы жүрді. Алайда бұл бөгеттерге жер учаскесі белгіленбеген, құрылыстың жобасы жоқ, сметалық құжаты жоқ, экспертизадан өтпеген. 23 және 24 жылдың көктемінде Бөрлі ауданындағы Ақбұлақ және Теректі ауданындағы Барбастау өзендерінде екі бөгет бұзылды. Екі жағдайда да гидротехникалық құрылыстарды пайдалану ережелерін бұзу себеп болды. Жауапты адамдар суды уақытылы жіберуді қамтамасыз етпеген, нәтижесінде жиналған су көлемі қоршауды бұзды. Салдарынан, Бөрлі ауданында 14



Сонымен қатар үйлестіру кеңесінде бөгеттердің талапқа сай келмейтіні де айтылды. Атап өтсек, биыл 50 бөгетті тексерген, тексеріс нәтижесінде соның ішінде 25 бөгет талапқа сай емес екендігі анықталған. Бұдан бөлек, биылғы су тасқынына қарсы жұмыстар кезінде қайта салынған бөгеттердің 19-ын жеке экспертизадан өткізгені анықталыпты. Ал заң бойынша мемлекеттік экспертиза жасалуға тиіс екен.

— Орал қаласында және аудандарда 38 бөгеттің құрылысы жүрді. Алайда бұл бөгеттерге жер учаскесі белгіленбеген, құрылыстың жобасы жоқ, сметалық құжаты жоқ, экспертизадан өтпеген. 23 және 24 жылдың көктемінде Бөрлі ауданындағы Ақбұлақ және Теректі ауданындағы Барбастау өзендерінде екі бөгет бұзылды. Екі жағдайда да гидротехникалық құрылыстарды пайдалану ережелерін бұзу себеп болды. Жауапты адамдар суды уақытылы жіберуді қамтамасыз етпеген, нәтижесінде жиналған су көлемі қоршауды бұзды. Салдарынан, Бөрлі ауданында 14

тұрғын үй су астында қалып, 6 бас мал қырылды. Жалпы, облыста су тасқынына қарсы жұмыстар кезінде жіберген олқылықтар үшін 7 лауазымды тұлға тәртіптік, екі тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылды, — деп атап өтті Облыс прокурорының бірінші орынбасары Дәурен Умарғалиев.

Бұдан бөлек, аудандық жерлерде жоқ техниканы құжатта бар деп көрсету фактілері анықталыпты. Мұны БҚО ТЖД бастығының орынбасары айтты.

— Қазталов ауданының Сатыпалды ауылында, Көктерек ауылында, Жалпақтал ауылында, Қаратөбенің Ұшағаш ауылында техникалардың санын асырып көрсету фактілері тіркелді. Жәнібек, Ақжайық аудандарында да эвакуация жасайтын техникалардың санын асырып көрсету немесе мүлде жоқ техниканы бар деп көрсету фактілері анықталды, — деп атап өтті БҚО ТЖД бастығының орынбасары Ерлан Жәлелов.

2024 жылдың көктеміндегі су тасқыны кезінде облыс бойынша 1 509 тұрғын үй мен 8 500 саяжай

су астында қалған еді. Жалпы саны 22 елді мекенді су басты. «Бұл соңғы 80 жылда болмаған үлкен табиғи апат» деп жатыр білетіндер.

Енді қазір елдің көңілі күпті. Батыс биыл тағы суға келе ме, жоқ па? Әзірге нақты болжам жасалмай отыр. Қазгидромет нақты болжамды тек 15 наурыздан кейін айтатынын мәлімдеді. Әзірге біздің облыс суға кету қаупі жоғары өңірлердің тізімінде тұр. Облыс әкімі Нариман Төреғалиев биылғы су тасқынына қарсы жұмыстарды ширатуды тапсырды.

— Прокуратура өкілдері айтқан барлық кемшілікті наурыз айының ортасына дейін толық жоюды тапсырамын. Біз наурыз айының 10-нан кейін әр ауданда кезекші бөлім ашамыз. Ол жерде 27/7 кезекші маман отыратын болады. Ол әр сағат сайын аудандағы ахуалды, эвопунктердің жағдайын, кімге қандай көмек керек екенін тиісті мекемелерге хабарлап отыратын болады, — деп атап өтті БҚО әкімі Нариман Төреғалиев.

## ӨСІРСЕҢ, ФОРЕЛЬ ӨСІР!

Түлкібас ауданына қарасты Ақбиік ауылдық округінің тұрғыны Төлепберген Бауыржан осыдан бір жыл бұрын меншігіндегі жеріне 6 жасанды тоған дайындап, оған 30 мың дана форель балығының шабақтарын жіберген болатын. Бүгінде сол жіберген шабақтарынан 7 тонна өнім алып, жол бойындағы дүңгіршекте және көл басында сатып, кәсібінің жемісін көруде.



**А** **Назгүл НАЗАРБЕК,**  
Түркістан облысы

Түлкібас ауданының әкімі Асқар Естібаев аталған шаруашылықтың жұмысымен танысуға барған сәтте жасанды тоғанға Шымкент қаласынан алынған форель балығының тағы да 50 мың дана шабағы жіберілді. Кәсіпкер аудан әкіміне мұнымен тоқтап қалмай алдағы уақытта жол бойына балық тағамдарын жолаушыларға ұсынатын асхана салуды жоспарлап отырғанын жеткізді.

Түлкібас ауданында одан бөлек, Керейт елді мекенінде балық

тын форель және бекіре түрлерін өсірумен айналысатын GRAND FISH COMPANY ЖШС-ы бар. Бүгінде аталған серіктестік өнімдерін Шымкент қаласындағы мейрамханаларға тасымалдайды. Серіктестікте балық шаруашылығынан бөлек демалыс аймағы да бар. Ол жерде 30 адамға шақталған қонақүй мен 1 мың адам сиятын жазғы демалыс бассейні халыққа қызмет етеді. 2012 жылы жұмысын бастаған нысанда қазір 9 адам тұрақты жұмыспен қамтылған.

Айта кетейік, Түркістан облысы жасанды жолмен балық

өсіру бойынша Республикада көш бастап отыр. Өсірілген балық саны 2022 жылы — 6 113 тоннаға болса, оның саны былтыр, яғни 2024 жылы 7 500 тоннаға жетіп, белгіленген 7 000 тонна жоспар артығымен орындалған.

Түркістан облысы бойынша 2030 жылға дейін 10 жыл ішінде тауарлық балық өсіру көлемін 20 мың тоннаға жеткізу Үкімет қаулысымен бекітілген. Бұл туралы облыстық Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының бас маманы Абай Сәдірқожа атап өтті. «Қазір аудан,

қала әкімдіктеріне тиісті тапсырмалар беріліп, бүгінде облыста тауарлық балық өсірумен айналысатын шаруашылықтардың саны 231-ге жетіп, оның 160-ы облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясымен заңдастырылған» — дейді ол.

Сонымен қатар облыста жергілікті маңызы бар 104 су айдыны заңдастырылып, конкурстық негізде 81 су айдыны, оның ішінде 64 су айдыны көлде тауарлық балық шаруашылығын жүргізу үшін, 17 су айдыны кәсіпшілік балық шаруашылығын жүргізу үшін табиғат пайдаланушыларға бекітіліп берілген. Бүгінде 21 су айдыны резервте тұр.

Ал республикалық маңызы бар балық шаруашылығы су айдыны Шардара су қоймасы мен Сырдария өзені және жергілікті су айдындардан жыл қорытындысымен 2 683 тонна кәсіпшілік балық аулауға рұқсат беріліп, мемлекеттік бюджетке 72 млн 294 мың теңге түсім түскен. Тағы бір айта кетерлігі, облыста жылдық қуаттылығы 12 мың тонна болатын экспортқа бағытталған 4 кәсіпорын жұмыс істеп тұр. Былтырғы жылдың қорытындысымен шет мемлекеттерге 2 236 тонна балық өнімдері экспортталған.

Жалпы, балық шаруашылығын дамытуға мемлекет тарапынан да қолдаулар жақсы қарастырылған. Яғни, акваөсіруді субсидиялау балық шаруашылы-

ғын дамытуға оң ықпалын тигізіп отыр.

Мәселен, акваөсіруді субсидиялауға жергілікті бюджеттен 2023 жылы 500 млн, 2024 жылы 500 млн теңге бөлініп, 62 балық шаруашылығы субъектісінің шығыстары өтелген. Қазір 14 балық шаруашылығы субъектісінен 110 млн 299 мың теңгеге өтінім түсіп, оны субсидияландыру шаралары қарастырылуда. Сонымен қатар инвестициялық субсидиялауға 2022 жылы 139 млн 500 мың, 2023 жылы 123 млн 800 мың теңге берілген. Алайда былтыр бөлінген 237 млн 5 мың теңге өтінім түспеуіне байланысты кері қайтарылған.

Осы тұста 2023 жылы «Ауыл аманаты» бағдарламасы бойынша 24 кәсіпкерге 168 млн 9 мың теңге жеңілдетілген несие беріліп, жаңадан ашылған шаруашылықтардың саны артқанын да айта кеткен жөн.

Жалпы, өңірде қазір облыс әкімінің тапсырмасына сай балық шаруашылығын дамыту, жаңадан балық шаруашылықтарын құру бойынша облыстық Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы мен балық шаруашылығы инспекциясы қызметкерлері аудан, қала әкімдіктерінде түсіндіру жұмыстарын жүргізіп отыр. Есесіне жергілікті кәсіпкерлер тарапынан аталған кәсіпті дамытуға қызығушылық артып келеді.

## СЕРПІН

1 НАУРЫЗ 2025 | СЕНБІ

Атырау облысында жұмысшы мамандардың жетіспеушілігі өзекті мәселеге айналып отыр. Әсіресе, құрылыс, мұнай-газ, ауыл шаруашылығы салаларында білікті кадрларға сұраныс жоғары. Бұл мәселені шешу мақсатында 2025 жыл елімізде «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жарияланды. Осыған орай, облыста арнайы іс-шаралар жоспары бекітіліп, колледждердің материалдық-техникалық базасын нығайту, жұмысшы мамандықтарын дәріптеу және жастарды өндірістік салаларға тарту бағытында жұмыстар жүргізілуде.

**А** Баян ЖАНҰЗАҚ,  
Атырау облысы

Мысалы, О.Көшекөватын-дағы Атырау аграрлық-техникалық колледжінде 420 орындық құзыреттік орталық салу жоспарланып отыр. Бұл орталық жас мамандардың тәжірибе жинауына мүмкіндік береді. Сонымен қатар аймақтағы ірі кәсіпорындармен бірлесіп, ашық есік күндері, шеберлік сыныптары және кәсіби шеберлік конкурстары ұйымдастырылуда. Бұл шаралар жастардың жұмысшы мамандықтарына деген қызығушылығын арттыруға және олардың беделін көтеруге бағытталған.

Жалпы, елімізде жұмысшы кадрлардың жетіспеушілігі байқалады. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Олжас Ордабаевтың мәлімдеуінше, әсіресе кәсіптік білім беру мен колледж түлектеріне сұраныс жоғары. Бұл мәселені шешу үшін жұмысшы мамандықтарын даярлау жүйесін жетілдіру және олардың беделін арттыру қажет.

Атырау облысында жұмысшы мамандардың тапшылығын жою мақсатында жергілікті билік пен білім беру мекемелері бірлесіп, нақты шараларды қолға алады. Бұл жұмыстардың нәтижесінде өңірдегі кадр мәселесін шешіп, экономиканың тұрақты дамуына ықпал ету көзделіп отыр. Саламат Мұқашев атындағы Атырау жоғары политехникалық колледжі – Атыраудағы еңбек нарығын реттеуге атсалысып, жұмысшы

# ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРЫ – ЖОҒАРЫ СҰРАНЫСТА

мамандарын дайындап отырған ірі орталықтың бірі. Бүгінде колледжде 1 700 студент оқиды, оның 1 300-і мемлекеттік грант бойынша білім алады.

Тұрлан Ізғали – осы колледждің 3-курс студенті. «Электрмен жабдықтау» мамандығы бойынша білім алып жатқан ол Caspian Radio Services компаниясынан тәжірибеден өтіп жатыр.

«Біздің колледж сұранысқа ие мамандықтарға назар аударды және жергілікті кәсіпорындармен байланыста. Егер өзімді іс жүзінде көрсете алсам, жұмыс беруші маған дуальді оқыту форматында жұмыс ұсына алады. Бұл жағдайда шәкіртақы ғана емес, жалақы да аламын, ал колледжді бітіргеннен кейін осы компанияға жұмысқа орналасамын», – дейді Тұрлан.

Сондай-ақ Тұрлан колледжде қосымша мамандықтар бойынша да курстан өтіп жатыр. Оның пікірінше, электрик мамандығы әрдайым сұранысқа ие, ал мамандар, әсіресе өнеркәсіптік жабдықты жақсы білетін және ірі компанияларда жұмыс істейтіндер жақсы табыс таба алады.

Қазіргі уақытта колледжде жас мамандар IT, энергетика, төтенше жағдайлар кезінде қорғау, мұнай және газ өңдеу технологиялары сынды барлығы 23 мамандық бойынша білім алады. Бір қызығы, колледжде «Жас маман» жобасы аясында «Индустрия 4.0» үшін мамандар даярлау мақсатында IT, энергетика, токарлық жұмыстар бағыттары бойынша құзыреттілік орталықтары қызмет көрсетіп жатыр.

Онда студенттер графикалық дизайн, 2D/3D модельдеу, заманауи IT шешімдерін меңгеріп алады, графикалық дизайннан бастап CAD инженеріне дейінгі IT дағдыларының кең ауқымы бойынша максималды білім алады. Бұл дағдылар цифрландырылған индустрияда сұранысқа ие және колледжде мамандар даярлау жұмысқа орналасу мәселелерін шешуге көмектеседі. Қазір колледж түлектерінің жұмысқа орналасу көрсеткіші 90%-ды құрайды.

Белгілі болғанындай, қазіргі уақытта колледж Атырау облысының 128 беделді кәсіпорнымен



Елдар ҚАБА (колледж)

тығыз серіктестік қарым-қатынас орнатып отыр. Оның ішінде біліктілігімен дараланған студенттер «Ембімұнайгаз» АҚ, «Атмосфера» ЖШС, «ЖігермұнайСервис» ЖШС, «Қазмұнайгазбурение» ЖШС, «Сазанқұрақ» ЖШС, «ИНТРА» ЖШС, «АЖЭО» АҚ, «Атырау Жарық» АҚ компанияларында еңбек етуге мүмкіндік алады.

Дуальді оқытуды жақсарту мақсатында 2024–2025 оқу жылында 154 студент кәсіпорындарға ақылы практикаға жіберілген. Колледж директорының Ақпараттық технологиялар жөніндегі орынбасары Нұрлы Нұржан айтып өткендей, колледждің көптеген әлеуметтік серіктесі студенттерді оқытуға және жұмысқа орналастыруға көмектеседі. Мәселен, Kazenergy компаниясы жыл сайын гранттар бөледі. Студенттерге оқу ақысын төлейтін әлеуметтік серіктестер бар. Егер, мысалы, студент ақылы бөлімде оқитын болса, үлгерімі «жақсы» және «өте жақсы» болса, онда компания оның оқуы үшін ақы төлей алады, бұл әсіресе аз қамтылған отбасылардан шыққан балаларға да үлкен мүмкіндік болып отыр. Егер грантта бюджеттік орындар босатылса, онда басқалардың осы орынға ауысуға өтініш беру мүмкіндігі бар.



**Жалпы, елімізде жұмысшы кадрлардың жетіспеушілігі байқалады. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Олжас Ордабаевтың мәлімдеуінше, әсіресе кәсіптік білім беру мен колледж түлектеріне сұраныс жоғары. Бұл мәселені шешу үшін жұмысшы мамандықтарын даярлау жүйесін жетілдіру және олардың беделін арттыру қажет.**

Спикер Нұрлы Нұржанның айтуынша, колледжде жұмысшы мамандықтарын оқытудың көптеген артықшылығы бар.

– Мысалы, артықшылықтар қатарында тегін оқыту, өндірістік практика, өткен жылдың қыркүйегінде көтерілген шәкіртақы бар. Қазіргі уақытта студенттер 41 892 теңге шәкіртақы алады. Ал үздік студенттердің стипендия-

сына 15 пайыз үстеме қосылады. 2025 жылдың қыркүйегінде стипендияны тағы да арттыру жоспарланып отыр, – деді спикер.

Айтпақшы, Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаевтың бас-тамасымен елімізде іске қосылған «Мектеп – колледж» пилоттық жобасына Атырау өңірі де үн қосуда. Жобаға Атырау облысынан Атырау сервис колледжі «Аспаз» мамандығы, Атырау көлік коммуникация колледжі «Автомобиль жөндеу слесарі» мамандығы, Атырау энергетика және құрылыс колледжі «Электрғазбен дәнекерлеуші» мамандығы бойынша қатысуда.

Атырау облыстық білім беру басқармасының баспасөз қызметінің мәліметінше, қазіргі кезде осы колледждерде пилоттық жоба бойынша әртүрлі мектепте оқып жүрген 57 оқушы білім алады. Яғни, оқушылар мектептегі негізгі сабақтарынан кейін, колледже келіп оқиды. Бұл 10–11-сынып оқушылары үшін жұмысшы біліктілігі бойынша эксперименттік білім беру бағдарламаларын енгізу нәтижесінде мүмкін болып отыр. Атырау облысы Білім беру басқармасының баспасөз қызметінің хабарлауынша, 2024–2025 оқу жылында «Аспаз», «Автомобиль жөндеу слесарі» мамандықтары бойынша 27 оқушы диплом алып шығады деп жоспарланған.

Көлік министрлігінің болжамы бойынша, 2030 жылға дейін көлік саласына 8,8 мыңға жуық маман қажет болады. Бұл қажеттілікті өтеу үшін жоғары оқу орындары мен колледждерде тиісті мамандықтар бойынша гранттарды қайта бөлу мәселесі қарастырылуда.

Жалпы, елімізде жұмысшы мамандардың тапшылығын жою үшін мемлекет пен бизнес өкілдері бірлесіп, нақты шараларды қолға алады. Бұл жұмыстардың нәтижесінде еңбек нарығындағы сұраныс пен ұсыныс арасындағы теңгерімді қамтамасыз ету көзделіп отыр.

Сарапшылардың айтуынша, алдағы 10 жылда мықты тәжірибелі кадрлар дайындалмаса, Қазақстан құрылыс, ауыл шаруашылығы, мұнай-газ, көлік және логистика, кен өндірісі саласындағы мамандарды сырттан іздеуге мәжбүр болуы мүмкін.

«Жұмысшы мамандықтар бойынша кадр тапшылығы – құрылыс саласы, соның ішінде дәнекерлеушілер, сантехниктер, электр монтаждаушылар, бетоншылар, жол жөндеушілер, мұнай-газ және энергетика саласында бұрғылау операторлары, инженерлер, ауыл шаруашылығында механизаторлар тракторшылар, комбайншылар, агрономдар, мал дәрігерлері, зоотехниктер жетіспейді. Ондағы себеп – жалақының аздығы, әлеуметтік пакеттердің болмауы, жұмыс жағдайларының ауырлығы. Сондықтан колледждерде гранттарды көбейтіп, дуальді оқыту жүйесін енгізу тәжірибесін республика бойынша тарату қажет», – дейді сарапшылар.

Қалай десек те, жас мамандарды кәсіпорындар еңбекке тартуға ниетті болуы керек. Балкім, кәсіпорындарға студент-жастарды еңбекке тартқаны үшін субсидия бөлу де артық етпейді.



## ЗЕРДЕ

1 НАУРЫЗ 2025 | СЕНБІ

Елімізде 22 мыңнан астам ғалым бар. Соның ішінде ғылым мен білімге бет бұрып, түрлі жобалармен топ жарған жас буынның қатары жыл сайын артып келеді. Цифрлық әлемнің жаңа өнімін жасап, әлеуметтің де игілігіне жарайтын тың құрал құрастырған және жоқтан бар шығарған жастардың озық технологияның дамуына ілесуі – дамыған елдер көшінен қалмағанымызды білдіреді. Осындай жастардың бірқатарымен аз-кем тілдесіп, жаңашыл көзқарас пен ерекше жобалардың құрылымын білуге тырыстық.



Ғалым Нариман Қайырбеков биологиялық ыдырайтын материал жасап шығаруға кірісті. Ол полиэтилен пакеттердің орнына табиғи полимерлерден жылдам ыдырайтын балама әзірлеуді қолға алған.

Ғалымдар бұл жобаны жүзеге асыру үшін ғылыми зерттеулер жүргізіп, табиғи полимерлердің қасиеттерін талдады. Олар материалдың негізіне крахмал мен целлюлозаны алуды жоспарлап отыр. Қазір зерттеу жұмыстары жалғасып, ғалымдар қаржылық қолдау алу мақсатында ғылыми грант конкурсына қатысып отыр.

– Бұл жобаның негізгі бағыты – табиғи полимерлер негізінде биологиялық ыдырайтын композициялық материалдар әзірлеу. Ал полиэтилен – мұнай қалдықтарынан шыққан материал. Былайша айтқанда, полиэтилен ол полимердің күрделі химиялық қосылысы. Сондықтан оның

лы энергия көздерін дамытуға және озық технологияларды енгізуге ұмтылуда. Қазақстандық жас ғалымдардың жаңашыл идеялары еліміздің ғылыми-техникалық дамуына үлкен үлес қосатыны сөзсіз.

## КАРТТАРҒА АРНАЛҒАН ИННОВАЦИЯЛЫҚ БАЛДАҚ

Ерзат Мырзахан – ғылым жолына жаңа қадам басқан талантты жас ғалымдардың бірі. Ол карт



адамдарға арналған көпфункционалды балдақ жасап шығарды. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің (ҚазҰУ) 1-курс студенті әзірлеген бұл құрылғы карттардың баспалдақпен жүруін жеңілдетуге бағытталған. Жас өнертапқыштың айтуынша, балдақтың басты ерекшелігі – оның баспалдаққа бейімделу мүмкіндігі.

«Баспалдаққа көтерілген кезде бұранда механизмін пайдаланып, құрылғының ұзындығын қажетті деңгейде реттеуге болады. Кейін балдақты баспалдаққа тіреп, бекіту арқылы карт адам жоғары көтеріле алады», – дейді жас ғалым.

Бұдан бөлек, балдақтың қауіпсіздік деңгейін арттыратын бірқатар инновациялық шешімдер енгізілген. Құрылғыға GPS жүйесі орнатылған, бұл карт адамның жүрген жерін бақылауға мүмкіндік береді. Егер пайдаланушы көшеде құлап қалса немесе қандай да бір кедергіге тап болса, оның жақындарына ұялы телефон арқылы хабарлама келеді.

«Балдақтың алдыңғы бөлігінде қызылнұр (инфракызыл сенсор) орналасқан. Егер жолда қандай да бір кедергі болса, құрылғы автоматты түрде дабыл қағып, иесін ескертеді. Сонымен қатар балдақ құлаған жағдайда немесе көлденең қалыпта тұрғанда автоматты түрде дабыл жүйесі іске қосылады. Түнде жүруді жеңілдету үшін арнайы жарықтандыру шамдары қарастырылған», – дейді Ерзат Мырзахан.

Жас ғалымның айтуынша, балдақ қарапайым, арзан, бірақ сапалы материалдардан жасалған. Сондықтан оның нарықтағы бағасы да қолжетімді болмақ.

Бұл инновациялық балдақ егде жастағы адамдардың өмір сапасын арттырып, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін тиімді құралға айналды деген сөзсіз.

Адамзаттың дамуы мен өркендеуінің негізі – ғылым.

Жоғарыда айтылған кейіпкерлер – ғылымға да, қоғамға да үлесін қосып жүрген жастардың бір парасы ғана. «Талап қыл артық білуге» дегендей-ақ жаңа заман буыны көпті білуге талапты. Қоғамға пайдасын тигізуді мақсат тұту – олардың міндеті болса, ондай жастарды көпке таныстыру, еңбегін бағалау – біздің міндет.

Әсет ҚАЛИ,  
Сымбат  
БАУЫРЖАНҚЫЗЫАДАМНЫҢ ЦИФРЛЫҚ  
ПРОТОТИПІ –  
ВИРТУАЛДЫ КӨМЕКШІ

Жақында Назарбаев университетінің Ақылды жүйелер және жасанды интеллект институты (ISSAI) адамның цифрлық прототипін – Умай (Ұмай) көмекшісін жасады. Технологиялық даму дәуірінде Назарбаев университетіндегі ISSAI қазақ тілінде адам мен компьютердің тиімді өзара әрекеттесу жолдарын іздеуді жалғастыруда. Бұл бағыттағы келесі серпілісі ISSAI командасы жақында мақтаншыпен ұсынған адамның алғашқы цифрлық прототипі – Ұмай есімді ассистенті.

Ұмай – шынайы әйел аватары ретінде цифрлық түрде жасалған,



ресми тілінде сөйлейтін виртуалды көмекші. Оның мүмкіндіктері ғылымды, білім беруді, тарихты, технологияны және медицинаны қоса алғанда кең ауқымды салаларды қамтиды. Аватарға ерекше мағыналы түркі мифология құдайының аты берілген. Жоба құрастырушысы Атақан Ворол бұл атаудың қазақ мәдениетімен байланысты екенін атап өтті. Екіншіден, Ұмай цифрлық тұлғаның алғашқы прототипі болғандықтан, команданың идеясы бойынша, ол болашақ цифрлық көмекшілердің «анасы» ретінде қабилдануы мүмкін.

– Біздің басты мақсатымыз – қазақстандық зияткерлік күштің, атап айтқанда шағын ISSAI командасының озық мүмкіндіктерін көрсету. «Біз мұны Қазақстанда жасай аламыз» деп ауыз толтырып айту. Умай жұмысында біздің институт әзірлеген бірқатар негізгі технологияларды пайдаланады. Олардың ішінде мәтінді сөйлеуге түрлендіру, сөзді автоматты түрде тану, нейромашиналық аударманы жасау және фотореалистикалық аватар қолдануы», – деді профессор.

Ғалымның айтуынша, жобаның негізгі техникалық қиындығы жүйені біріктіру, яғни команда бір уақытта бірнеше AI жүйелерін іске қосуы керек болған. Мысалы, Ұмай OpenAI платформасының ChatGPT чат-боты арқылы сұрақтарға жауап табады. Бірақ бұл боттың қазақ тіліндегі жұмы-

# ҒЫЛЫМДА ТҮРЛІ ЖАСТАР БАР, ЖАСАҒАНЫ БІР БӨЛЕК

сы әлі сапасыз екендігі бәріне мәлім. Бұл шектеуді жеңу үшін Ұмай Назарбаев университетінде ISSAI әзірлеген Tilmash нейромашиналық аудармасының жетілдірілген үлгісін пайдаланады. Сонда прототип пайдаланушылардың сұрақтарын алдымен ағылшын тіліне аударып, кейін ChatGPT берген жауаптарды қайтадан қазақ тіліне аударды.

«Біздің институт биыл Tilmash деп аталатын 4 тілге екі жақты машиналық аударма жасайтын жүйесін жасаған. Әртүрлі стильдегі үлкен мәтіндік қордан құрастырылған бұл модель Google және Yandex аудармашыларымен бәсекелесе алады. Яғни, Tilmash қазақ тілінде айтылған сұрақтарды ағылшын тіліне аударды, содан кейін сұраныстар ChatGPT-ге барады, ағылшын тіліндегі берілген жауаптарды Tilmash қайтадан қазақ тіліне аударды. Сосын арнайы технология арқылы біз тексті дауысқа айналдырамыз», – деп түсіндіреді Умай әзірлеушілерінің бірі, ISSAI-дің аға деректер талдаушысы Асқат Күздеуов.

Unreal Engine 5 бағдарламалық жасақтамасымен жұмыс істейтін



**Біздің басты мақсатымыз – қазақстандық зияткерлік күштің, атап айтқанда шағын ISSAI командасының озық мүмкіндіктерін көрсету. «Біз мұны Қазақстанда жасай аламыз» деп ауыз толтырып айту.**

Умай нақты уақытта жоғары сапалы бет анимациясын қамтамасыз етеді. Ол қазақ тілінде табиғи және еркін сөйлесуді жеңілдету үшін ISSAI-да әзірленген алдыңғы қатарлы сөйлеу технологияларын, соның ішінде автоматты түрде сөйлеуді тану (ASR) және мәтіннен сөйлеуге айналдыратын (TTS) технологияларын біріктіреді.

Әрі қарай даму нәтижесінде Умай көптеген салада тиімділікті арттыру және шығындарды азайтуға көмектесетін

қосымшасы бола алады. UМАУ-ды одан әрі дамытып қолдану үшін үлкен тілдік модель, яғни қазақ тіліндегі жасанды интеллект қажет. Бұл ұзақ жолдың басы ғана деп атап өтті Назарбаев университетінің сарапшылары.

ПОЛИЭТИЛЕН ПАКЕТКЕ  
БАЛАМА ӨНІМ

Қоршаған ортаның ластануы – қазіргі заманның өзекті мәселелерінің бірі. Бұл проблеманы шешу үшін қазақстандық жас

ыдырауына өте көп жыл қажет. Ал біз ойлап тапқан материалы жылдам ыдырайды, – дейді Нариман Қайырбеков.

Нариман Қайырбеков тек экологиялық жобалармен ғана шектелмей, баламалы энергия көздерін зерттеуге де көңіл бөледі. Ол ұлттық ядролық орталықпен бірлесіп, сутектік энергия элементтерін әзірлеу жобасына қатысып жатыр. Бұл технология қоршаған ортаға зиян келтірмей, таза энергия өндіруге мүмкіндік береді.

Жас ғалымның ғылымға деген қызығушылығы мектеп кезінен басталған. Ол халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар байқауларына қатысып, өз білімін шыңдаған. Қазір ол наноматериалдар арқылы медицина саласында да зерттеу жүргізуді жоспарлап отыр.

Қазіргі жастардың ғылымға деген ынтасы жылдан-жылға артып келеді. Олар экологиялық проблемаларды шешуге, балама-

## ДАУА

1 НАУРЫЗ 2025 | СЕНБІ

**Биылғы ораза жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілетін шағы – көктем мезгілімен қатар келіп тұр. Денсаулығымызға кері әсерін тигізбес үшін асты қалай ішкен дұрыс? Оразада дұрыс тамақтанудың маңызы қандай? Осы сұрақтар төңірегінде біз нутрициолог Ләззат Ибраимовамен сұхбаттасқан едік.**



Ләззат ИБРАИМОВА, нутрициолог:

# ОРАЗАҒА ДАЙЫНДЫҚПЕН КЕЛГЕН ДҰРЫС

– Оразаға ағзаны қалай дайындаймыз?

– Әдетте көпшілік адам уақыт тақалғанда, оразаға 1-2 апта қалғанда дайындалады деп бізге қабылдауға келіп, диагностикадан өте бастайды. Мүлдем дайындық жасамағаннан ол да дұрыс, бірақ біз ораза кезінде ғана емес, үнемі денсаулығымызды күтіп, саламатты өмір салтын ұстанып жүрсек, дұрыс тамақтансақ, оразада бүкіл ағзамызды емдеп, көп аурудың алдын алар едік.

– Не себепті алғашқы күндері кей адамдардың басы айналып, әлсірейді? Ондай жағдайда не істеу керек?

– Көбіне алғашқы апталарда адамның басы айналады. Ол – ағзада интоксикация жүріп жатыр деген сөз. Егер асқазанымыз дұрыс жұмыс істесін десек, ауызашардың алдында немесе сәресінің алдында да бір апта сорбент ішуіміз керек. Сондай-ақ кей адамдарда ішқату болуы мүмкін, ондайда қорытылмай қалған тамақтың қанымызға сіңіп кету қаупі бар. Бұл кезде де адам әлсірей бастайды. Оның алдын алу үшін тамақты көп шайнап, клетчатканы, яғни көк шөптер мен көкөністерді көбірек қолдануға тырысу қажет. Магний цитраты дәруменін қабылдап, Донат магний суын жылы күйінде, газын шығарып ішкен де пайдалы. Салат жапырағын зәйтүн майымен араластырып жесек, қанша зиянды қалдықтардан арыламыз.

– Сәресіне қандай тамақ ішсек күні бойы тоқ жүреміз?

– Кей адамдар тойып тұрмын деп сәресіне тұрмайды. Бұл – үлкен қателік. Себебі, біріншіден, сәресінде береке бар, тамақ ішкісі келмесе де ең құрығанда бір стакан су ішіп, құрма жеген абзал. Ал кей адамдар күні бойы қарнымыз ашады деп тыңқиып тойып алады, ол да дұрыс емес. Өйткені сіз неше түрлі тағамдарды, тоқаш, бауырсақ жеп алған соң жатып ұйықтасаңыз, күні бойы басыңыз ауырып, шаршап жүресіз, күш-қуатыңыз болмайды, одан қалса шөлдейсіз. Сондықтан сәресінде дұрыс тамақтану маңызды. Мысалы, жұмыртқаны өз қалауыңызша пісіруге немесе қуыруға болады, тек күнба-

ғыс майына емес, зәйтүн майы, күйдірілген сары май секілді пайдалы майларды қолданған жөн. Қасына, әрине клетчатка, көкөністер қосуға болады, сонымен бірге ашытқысыз тұтас бидайдан әзірленген нанға сары май жағып жеуге болады.

Бір айта кетерлігі, сәресінде көп су ішу өте маңызды, ашқарынға 1-2 стакан жылы су ішкен пайдалы, сәресін ішіп болғаннан кейін тағы 1 стакан су ішсеңіз, тіпті керемет. Егер суға лимон қоссаңыз, ас қорыту процесіне көмектеседі. Ал минералды су ішкісі келетіндер судың газын шығарып, жылы күйінде тамақтан кейін ішкені абзал. Ашқарынға және салқын күйінде ішуге болмайды. Шайлардан жалбыз, иван шай, цикорий ішуге болады.

– Әдетте көпшілік сәресіне майсөк дайындап жатады...

– Майсөкті жеуге болады, әрине, бірақ күнде емес, басқа дәмді дақылдармен түрлендіріп отырған абзал. Бізде майсөкке көбіне дүкеннің сүтін, қант қосып дайындайды, олар – жеңіл көмірсулар. Одан гөрі аздап кокос қантын, гхи майын қоссаңыз, жаңғақтармен, жеміс-жидектермен әрлесеніз, дәмді әрі пайдалырақ болмақ. Қасына қандайда да бір ақуыз, мысалы, бір-екі тілім қазыны көк шөппен қосып жесеніз, күні бойы тоқ жүресіз.

– Смузи ішкен дұрыс па?

– Смузиді шпинат, банан, тағы басқа да жеміс-жидектермен пайдалы майлар қосып дайындап, сәресінен бұрын ішкен жөн. Сонда клетчатқаның күндізгі нормасын толтыруға болады. Май біздің өтіміздің жақсы бөлінуіне көмектеседі, ағзамызға сергектік береді. Бұрын әжелеріміздің шайға май қосып ішіп отыратыны тегін емес.

– Смузи тойымды ғой, одан кейін ас бағпаса ше?

– Ондай жағдайда ішпей-ақ қойған дұрыс. Смузидің өзі тамақ болмайды, ол белоктың орнын толтыра алмайды. Әсіресе, әйел адамдарда онсыз да темір тапшылығы бар, тек смузи іше берсек, күш-қуатымыз азаяды.

– Ал ауызашарда қалай тамақтанғанымыз дұрыс?

– Ауызды жылы сумен, құрмамен ашқан абзал. Құрманың кей түрін жеуге болмайды. Кейбір елдерден келетін фруктозамен, глюкозамен өңделген түрлері бар, егер сіз ашқарынға сондай құрма жейтін болсаңыз, қаныңыз бірден көтеріліп кетеді де, күні бойы ағзаңыздың тазарып, детокстан өткені бекер



**Көбіне алғашқы апталарда адамның басы айналады. Ол – ағзада интоксикация жүріп жатыр деген сөз. Егер асқазанымыз дұрыс жұмыс істесін десек, ауызашардың алдында немесе сәресінің алдында да бір апта сорбент ішуіміз керек.**

болады. Қант бірден көтерілген кезде созылмалы ауруыңыз болса, асқинады, шаршап, басыңыз ауыра бастайды. Сондықтан құрманы дұрыс таңдау маңызды. Таза, ешқандай қоспасы жоқ түрлерін таңдаған дұрыс. Алдымен құрмамен су, сәлден кейін сорпа ішкен өте пайдалы. Малдың сүйегін салып, көбірек қайнатып, оған сөбіз, лавр жапырағын қосып, піскен соң кинза сияқты көк шөптер турап ішсеңіз, өттің жақсы жүруіне көмектесесіз, екіншіден ақуыз аласыз. Оразада тамақты аз ішкендіктен, бізде ақуыз тапшылығы болуы мүмкін. Егер ақуыз жетіспесе, тырнағымызға да, терімізге де, күш-қуатымыздың болуына да әсер етеді. Әсіресе, әйел адамдарда гемоглабин, ферритиннің түсуіне әсер етеді. Бәрі бір-бірімен тығыз байланысты. Бір ғана сорпа ішіп, қаншама дәруменнің орнын толтыруға болады. Сорпа – белок көзі ғана емес, ол таза, пайдалы майларға да бай.

Сөйтіп, сорпадан кейін ыстық тамақтың алдында салат жеп аламыз. Ет жеймін десеніз, оны да түрлендіріп отырсаңыз керемет, қырыққабатпен бұқтырып немесе тауық етін маймен, табиғи қоспалармен маринадтап, балықтың түр-түрін лимон шырынын тамызып, қасына түрлі түсті қырыққабат, қабак, баялды, асқабак сияқты көкөністер қосып пеште пісірсеніз, уақытыңызды да үнемдейсіз әрі пайдалы.

Ыстық тамақты сорпадан кейін барып асықпай шайнап отырып ішсеңіз, ағзаға сіңімді болмақ. Қандай тамақ жегеніміз ғана емес,

оның сіңімді болуы да маңызды. Қазір көп адам стресте, үнемі асығып жүреді, тамақты телефонға қарап отырып жейді. Тым болмаса осы ораза айында асықпай, аптықпай, ашуланбай, жақсы көңіл күймен ішсеңіз, ол бойыңызға дұрыс сіңеді. Ал егер асығыс-үсігіс ішсеңіз, ол дұрыс сіңбей тұрып қалады, нәтижесінде өттің қоюлануына, тастың түзілуіне әкеледі. Сондай-ақ жеңіл көмірсудан тұратын тағамдар да өттің қоюлануына әсер етеді. Сондықтан оразада

ағзамды емдеймін деп керісінше ауруыңызды асқындырып алуыңыз ғажап емес. Пайғамбарымыз с.а.у. асқазанның үштен бірін суға, екінші бөлігін тамаққа, қалған бөлігін бос қалдыру керек екенін бекер айтпаған. Рамазан айында ғана емес, күнделікті өмірде осы қағиданы ұстанатын болсақ, асқазанымызға жеңіл болар еді.

– Ауызашарға барғанда көбіне ет, палау сияқты тағамдар ұсынылады, асқазанға ауырлық болмас үшін нені ескеру керек?

– Иә, ауызашарға жиі барып, манты, палау, ет, торт жесек, денсаулығымызға кері әсерін тигізуі мүмкін. Тамақты көп жегенде қант көтерілмеуі үшін кемі 1 сағат жаяу жүруге кенес беремін. Сондай-ақ ауыр тамақтан кейін сәресіне 1 таблетка, ауызашарға 1 таблетка фермент қабылдасақ, ол тамақтың қорытылуына көмектеседі.

Егер ет болса етін алып, қасына салаттар қосып, қияр, қызанақтан салат, рукола, салат жапырағы сияқты көк шөптерді салып алып жесеніз, дұрыс тамақ дегеніміз – осы. Көпшілік дұрыс тамақтану деген қандай бір диета, қиын деп ойлайды. Оны қиындатуымыз керек, кез келген үйге қонаққа барғанда дастарқанға көкөніс, шөптер қойылады. Ал егер палау ұсынылса, тәрелкенізді үшке бөліп, жартысына күріш, екінші жартысына салат, ал үшінші жартысына қазы-қарта, тауық сияқты тікесебасарды салып алып жесеніз болады. Осы жерде маңыздысы, жейтін тамағыңызды бөлек-бөлек емес, бірден салып алсаңыз, бәрі

көз алдыңызда тұрады. Әйтпесе, не жеп, не қойғаныңызды білмей қаласыз.

– Оразаның детоксикациялық әсері бар екенін білеміз, яғни ағза табиғи жолмен тазаланады, ол ойдағыдай жүруі үшін қосымша препараттар қолдануымыз керек пе? Бауырға, жалпы ағзамызға қалай көмектесеміз?

– Біз оразада дастарқанды толтырып, тойып тамақ ішуге үйренгенбіз. Жеңіл көмірсулардан тұратын ұннан жасалған тағамдарды көп жейміз. Оған қоса, газдалған сусын ішеміз. Ондай тамақтан кейін клеткалық детокс емес, керісінше асқазанға салмақ салып, тіпті кейбірінші ауруы асқындып жатады. Өті қабынып, ауырып, ауызын ашып жіберетіндер де кездеседі. Сондықтан біз ағзамызға оразаның пайдасы көбірек болсын десек, ауызашарда дұрыс тамақтануымыз керек.

– Оразада ұйқы режимі бұзылатыны анық, оны қалай реттейміз?

– Ораза кезіндегі ең жақсы ұйқы – ауызашарды тойып ішіп, бірден жата кетпей, таза ауа жұтып, сәл жүріп барып ұйқыға кетсек, жақсы тынығып тұрамыз. Мелатонин гормоны 22.00-ден түнгі 2.00-ге бөлінетіні бәріне белгілі. Осы кезде ұйықтаған адам оңай арықтай алады әрі оның иммунитеті көтеріледі, жасару процесі жүреді, есте сақтау қабілеті артады. Сондай-ақ сәресінен кейін жата кетпей, сәл ары-бері жүрсек, таза ауаға шығып келсек, күні бойы сергек жүреміз.

– Аузы берік адамның спортпен шұғылданып, жаттығу жасауына бола ма?

– Өкінішке қарай, көп адам ауыз бекіткен соң «басым ауырды» деп жатып қалады. Бұл ағзаға зиян. Бас қозғалыс болмағаннан ауырады. Керісінше, біз қозғалған сайын күш-қуатымыз арта түседі. Бұрыннан спортпен шұғылданып отырған әрі қарай жалғастырғаны жөн. Бірақ бұрын айналыспай, ораза кезінде қолға алған дұрыс емес. Ең жақсысы – жаяу жүру. Жүрудің де өз ережелерін сақтап, асықпай жүрген дұрыс. Таңертең жүрген өте пайдалы және ауызашардан кейін көп емес, аздап жүруге болады, себебі ұйықтарда керісінше күш-қуатымыз азаяды. Ораза кезінде неғұрлым белсенді болсақ, соғұрлым өзімізді жеңіл сезінеміз.

– Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан  
Жанна ТІРКЕШБАЙҚЫЗЫ

# КӨКЕЙКЕСТІ

1 НАУРЫЗ 2025 | СЕНБИ

## ЖҮН мен ТЕРІ ТЕҢГЕГЕ АЙНАЛСА...

Қай кезде де ауыл шаруашылығының өркендеуі мал шаруашылығымен тікелей байланысты. Ал саланың негізгі өнімі ретінде – төрт түліктің еті мен сүтінен бөлек, терісі мен жүнінің де маңызы зор. Дей тұрғанмен, бүгінгі қоғамда малдың жүні мен терісін кәдеге жаратпай, қоқысқа тастап жатқанымыз жасырын емес. Бұл өрісін кеңейтуді мақсат тұтқан малшы қауымының бас ауруына айналып тұр.

### А Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ, Қызылорда облысы

Бүгінде елімізде шаруалар төрт түлікті сүт және ет бағытында ғана өсіріп жүр. Алайда малдың жүні мен терісінен өзге, мүйізінен бастап тұяғына дейін өңдеп, табыс тауып жүрген елдер жетерлік. Сөзімізге дәйек ретінде айтар болсақ, көршілес Қытай елі түйе жүнінен денеге жайлы әрі жылы болатын күрте тігуді кәсіпке айналдырған. Оның сапасына қарай бағасы да арзан емес. Ал түрік ағайындар мал жүнінен пальто, күрте сияқты қыстық киімдер тігіп, әлемдік нарыққа шығарып жүр. Оған да сұраныс жоғары. Сол сияқты Швейцарияда сиыр мүйізінен стакан жасауды жолға қойса, мал сүйегінен тұрмыстық бұйымдар дайындап, кәсібін дөңгелетіп отырған елдер де бар. Осы ретте ежелден төрт түлігін түлетіп, атакәсіптің желкенін керген біздің елде бұл кәсіп түрі кенжелеп калды.

Ежелгі көшпенділер мәдениетінде малдың терісі мен жүнінің құндылығы жоғары болды. Ата-бабаларымыздан жеткен киіз үйдің құрылымы осы сөзімізге айқын дәлел. Сол заманнан бері ұлттық ою-өрнекпен нақышталған төсеніштер, құрақ көрпекөрпешелеріміз, киімдеріміз бен аяқкиімдеріміз де тері және жүннен жасалатыны белгілі. Тіпті, халқымыз жабағы мен түйе шудасын емдік мақсатта пайдаланғаны көпке аян.

Сыр аймағында да малдың жүні мен терісін өңдеу, өткізу жағы кемшін қалып тұр. Өзгесін айтпағанның өзінде, түлік төресі – Түйені өрістетіп отырған өңірде оның алтынмен парпар жүні де кәдеге асыра алар емес.

Негізінен, «Дала кемесі» атанған бұл үй жануарының адамға пайдасы ұшан-теңіз. Медициналық тұрғыда зер салсақ, түйе сүті диеталық өнім жағынан жоғары бағаланады. Ал шуда жүнінің адам денсаулығына таптырмас шипа екені ежелден мәлім. Атап айтқандай, бүйрек, салқын тию, буын ауруларына бірден бір ем саналады. Содан да болар бұл түліктің жүні бағалы әрі жеңіл өнеркәсіпте үлкен сұранысқа ие.

Сол сияқты қойдың жүні мен терісі де ежелден өз құндылығын жойған емес. Әсіресе, түбіт, аралық қылшық, өлі қылшық, тікенек қылшық болып бөлінетін қой жүнінен тоқыма, келем току әдісі әлі күнге ескірмей келеді.

Жалпы, еліміз бойынша қойдың 13 түрі өсіріледі деген дерек бар. Оның ішінде Сыр өңірінің үлесі



басым. Бұл тұрғыда Қызылорда облыстық Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы берген мәліметке сәйкес, өңірде 2025 жылдың 1 ақпанына 362,9 мың бас мүйізді ірі қара, 646,3 мың бас қой мен ешкі, 257,2 мың бас жылқы, 59,8 мың бас түйе және 125,0 мың бас құс тіркелген. Одан есепті кезеңде 3,1 мың тонна ет, 3 мың тонна сүт және



259,0 мың дана жұмыртқа өндірілген. Бұл бағытта 2024 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда едәуір өсім де байқалады.

«Жалпы, біздің облыста ет бағытындағы ірі қылшықты жүнді және қаракөл қойларының тұқымдары аудандастырылған. Соның негізінде облыс бойынша 2023 жылдың қорытындысымен барлығы 731,1 мың тонна жүн және 199,2 мың дана тері өндірілді. Осы орайда өндірілген 731,1 тонна жүннің 627,0 тоннасы – қой, 26,0 тоннасы – ешкі және 79,0 тоннасы түйе жүні болып табылады. Негізінен, ірі қылшықты жүннің сапасы ұзындығына, қалыңдығына, бұйралығына майысқақтығына, қаттылығына және табиғи жылтырлығы мен ластығына байланысты бағаланады. Сол сияқты барлық өндірілген 199,2 мың дана терінің 68,6 мың данасы ірі, 130,6 мың данасы майда терілер болып саналады. Оның 8,5 мың данасы ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің, қалған 60,1 мың данасы жұртшылық шаруашылықтардың, ал жүннің 246,0 тоннасы ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің және 485,4 тоннасы жұртшылық шаруашылықтарының еншісіне тиесілі. Осы орайда біздің өндірістегі жүндердің ірі қылшықты болуына байланысты бәсекелестік ортада сұранысқа ие болмай отырғанын да айта кеткен абзал. Сонымен қатар облыс бойынша мал шаруа-

шылығы шикізаттарын (тері, жүн) өңдейтін кәсіпорындардың болмауы салдарынан өндірілген тері мен жүндер қажеттілікке жарамсыз болып қалуда», – деп түсіндірді басқарманың мал шаруашылығын дамыту бөлімінің бас маманы Қаракөз Өтегенова.

Осы орайда, 2023 жылы облысқа қарасты Жаңақорған ауданы аумағында жүн-тері өндірісін іске қосуға ниеттілер төбе көрсеткен болатын. Сол кезде мал шаруашылығын ілгерілетуде көш бастап тұрған бұл ауданда жаңа өндіріс орны ашылатынын жұртшылық та жылы қабылдады. «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы таратқан ажолтай жаңалық баспасөз беттерінде де жарыса жазылды. Бірақ баянды бастаманың игілігін фермердер сол күйі сезіне алмады.

«Бұл бүгінгі күні шешімін таппаған өзекті мәселенің біріне айналды. Түйінді түйткіл жайлауында мыңғырған малын айдаған малшы қауымының бас ауруына айналды десек болады. Малшылар көп жағдайда төрт түлігін сүт және ет бағытында ғана өсіруге мәжбүр. Соның салдарынан машақаты көп кәсіпті қолға алған әрбір шаруа шашетектен шығынға батып жатады. Әсіресе, қырықтық науқанында қой терісін өртеп немесе қызық алаңына тастауға мәжбүрміз. Бір сөзбен айтқанда, мал шаруашылығының мәнін кетіріп тұр. Яғни, есіл еңбектің өтеуі қайтар емес. Сондықтан елімізде жүн-тері өткізетін бекеттер көптеп ашылса деген тілегіміз бар», – деп мұның шақты асылтұқымды қой шаруашылығымен айналысатын «Асан» шаруа қожалығының иесі Қойшыбай Асанов.

Ал өңірдегі мал шаруашылығымен айналысатын «Сәйгүлік» шаруа қожалығы басшысының міндетін атқарушы Әлімбек Нұрмағанбетов те мәселенің шешімін таппай тұрғанын ашына жеткізді. Түптеп келгенде шаруалар қоғамның сұранысын қанағаттандыра алмай, қып-қызыл шығынға ұшырап жүргенін алға тартады.

Жалпы, шаруалар еліміздегі жеңіл өнеркәсіпті өркендетеміз десек, қолда бар ағыл-тегіл байлықты қор қылмай, шикізаттан дайын өнім шығаруды қолға алу қажет деп есептейді. Бұл тұрғыда алдымен жүн-тері өндірісін дамытудың кешенді жоспары дайындалса, мал шаруашылығын өрістету ісі өздігінен ілгері басары сөзсіз. Қолда бар байлықты бағалай білген абзал.

### ТРЕЙДИНГ ТАБЫС КӨЗІ МЕ, ТӘУЕКЕЛ МЕ?

**Трейдинг – қор нарығында құнды қағаз саудасымен айналысу арқылы табыс табу. Бізге белгілі инвестицияға ұқсас дегенімізбен, сауда стратегиясында айырмашылық бар. Бұл сала бүгінде қоғамның ерекше қызығушылығына ие сала болып отыр әрі жарнамасы жер жарады. Шын мәнінде, трейдинг табыс көзі ме, тәуекел ме?**

Ең алдымен, қор нарығында сауда қалай жүретінін түсініп алайық. Қор нарығы немесе биржада түрлі актив саудаға салынады. Жеке тұлға биржада тікелей сауда жасай алмайды, брокер көмегіне жүгінеді. Трейдер үшін бағаның қай бағытқа құбылатыны маңызды емес. Себебі ол екі жағдайда да табысқа шыға алады. Бастысы, нарықты дұрыс болжай білу қажет. Бағаның өсуінен пайда табу – лонг позициясы, ал оның төмендеуі арқылы табысқа шығу – шорт позиция деп аталады. Шорт кезінде трейдер брокерден қарызға актив алады және оны биржада саудалайды. Кейін актив бағасы құлдырағанда арзан активті қайта сатып алып, брокерге қайтарады. Яғни, баға айырмасынан пайда табады. Мысалы, Tesla-ның 100 долларлық акциясын брокерден қарызға алып, биржада 100 долларға сатасыз. Кейін баға төмендегенде, сол акция 75 доллар болған кезде қайта сатып аласыз. Брокерге қарызын қайтарып, 25 доллар пайда көресіз. Бұл әдіс нарықты дұрыс болжай алсаңыз ғана мүмкін болады. Ал нарықты зерттеудің екі түрлі жолы бар. Алғашқысы – фундаменталды талдау, өзіңіз саудалайтын активті, оның нарықтағы жағдайы мен сұранысын зерттейсіз. Оған қатысты жаңалықтар мен компания жоспарына және жылдық табыс деңгейін ұдайы назарда ұстау керек, саяси жағдайлар мен санкцияларды да ескерген абзал. Ал екінші әдісі – техникалық талдау. Бұл тікелей биржада жүзеге асады. Активтің алдыңғы сауда деңгейі арқылы оның болашағын болжауға болады. Ол үшін трейдер түрлі көрсеткішке мән бере отырып, «қос шын», «үшбұрыш», «бас» деп аталатын арнайы кескіндер түзеді. Трейдер үшін техникалық талдау үлкен мәнге ие.

Трейдер бірнеше секундтан бірнеше айға созылатын сауда мәмілесін жасауы мүмкін. Бұл оның қолданатын стратегиясына тікелей байланысты және оның үш негізгі түрі бар. «Скалпер» стратегиясында бірнеше секундтық мәміле жасалады. Яғни, қысқа мерзімге көп актив сатып алып, бағаның азғана айырмасында пайда табады. Оның өзіне тән артықшылығы мен кемшілігі



бар. Мұндай стратегиямен жүйелі қаржы табуға болады. Скалперлер үшін техникалық талдау жеткілікті. Ал кемшілігі – көп уақыт, әрдайым бақылау керек, нарық күтпеген жерден өзгеруі мүмкін. Брокер комиссиясын ескерген абзал. «Импульс» сауда стратегиясы негізінен жаңалықтарға сүйене отырып, мәміле жасайды. Яғни, олар биржадағы сауда басталмас бұрын активтерге талдау жасап, өз болжамымен жоспар құрады. Сауда барысында көзделген болжам орындала бастаса, мәміле жасайды. Бұл әдістің тәуекел тұсы жоғары. Болжам орындалса ғана трейдер табысқа кенеледі. «Свинг» сауда стратегиясы негізінен инвестицияға ұқсас. Мұнда трейдер ұзақ мерзімге мәміле жасайды және талдау жұмысының дұрыс жасалуы маңызды. Нарықты ұзақ уақыт бақылауды талап етпейді. Мұндай стратегия үшін арнайы білім болғаны абзал.

Кез келген салада бірден байлыққа қол жеткізу еріксіз күмән тудырады. Десек те, трейдинг расымен жақсы табысқа жеткізуі мүмкін. Сауданың бұл түрімен айналысу үшін арнайы білім алып, жеке дағдыны дамыту керек.

**Төлеген АБДРАСИЛОВ,**  
студент

## ЦИФРЛЫ ӘЛЕМ

1 НАУРЫЗ 2025 | СЕНБІ

**А** Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,  
Алматы қаласы

Ақпараттық және есептеуіш технологиялар институтының ғалымдары қазіргі кезеңде ЖИ бойынша бірқатар маңызды ғылыми жұмыс жүргізіп отыр. Ғалымдар жүзеге асырған жобалардың тақырыбы да, бағыты да сан алуан. Мәселен, олар үлкен көлемдегі деректерді өңдеуге арналған жаңа әмбебап кластерлеу алгоритмдерін әзірлеген. Бұл деректерді мағыналық топтарға бөлуге мүмкіндік береді, сондай-ақ қаржы, медицина және маркетинг саласында деректерді талдау, шешім қабылдау процесін жеңілдетеді. Ғылыми қызметкер Әлімжан Төлеу қазақ әдебиетіндегі шығармаларды дыбыстауда ЖИ құралдарын пайдаланудың тиімді тұсы көп екенін жеткізді.

– ЖИ көмегімен әзірленген аудиокітаптардың дәстүрлі аудиожазбалардан ерекшелігі, ең алдымен, ЖИ арқылы аудиокітап жылдам әзірленеді. Бұл үшін дикторлар студияда мәтін дыбыстап, апталап, айлап уақыт жұмсамайды. Кітап бірер сағатта, тіпті бірнеше минут ішінде дыбысталып үлгереді. Дыбысталу барысында қатені түзету, жаңалықтарды енгізу де жылдам. Біз ЖИ арқылы түрлі эмоцияны, оқу жылдамдығы мен дауыс мәнерін өзгерте аламыз. Сондықтан ЖИ кітапты аз шығынмен дыбыстауға мүмкіндік береді. Жаңа технология кітаптарды ғана емес, онымен қоса мақала, жаңалық сынды кез келген қажетті мәтіндерді дыбыстауға ыңғайлы, – деді ол.

Аудиокітапты әзірлеу барысында бірнеше ЖИ технологиясы қолданылған. Осы ретте Әлімжан Төлеу бізге процестің негізгі кезеңдері туралы айтып берді. Оның сөзінше, процестің алғашқы сатысы дауыс мәліметтерін жинаудан басталады (Corpus Collection). Екіншіден, мәтіннен дыбысқа айналдыру жүйесін құру (Text-to-Speech, TTS), үшіншіден, модельді оқыту (Training Process) және ең соңғы кезең дыбысты өңдеу және тазартудан (Post-processing) тұрады.

– Ең алдымен, қазақ тіліндегі жоғары сапалы дауыс мәліметтері жиналды. Бұл үшін кәсіби дикторлардың кең көлемді мәтіндер оқыған аудиосын жинадық. Бұл модельдің әртүрлі сөйлеу мәнерін меңгеруіне мүмкіндік берді. Ал мәтіннен сөйлеуге айналдыру жүйесін құру процесі (Text-to-Speech, TTS) екі сатыдан тұрады: спектрграммалық болжау (Spectrogram Prediction) және дыбыстық сигнал жасау (Vocoder Training). Мәтінді дыбысқа айналдырудың алғашқы қадамы – мәтіннен спектрграмма (дыбыстың визуалды көрінісі) жасау. Бұл үшін терең нейрондық желі модельдері құрылды. Олар сөйлем құрылымындағы интонация, екпін, және паузаларды дәл болжауға көмектесті. Модель дұрыс айтылымды қамтамасыз ету үшін сөздердің


Бүгінде көптің аузынан түспейтін жасанды интеллект технологиясы ғылымның қай саласында болмасын қолданысқа еніп, әлемдік нарықты жаулап келеді. Соның ішінде ЖИ қуатын пайдалануға көшкен салалардың бірі – әдебиет. Иә, енді қазақ әдебиетінің жауһар туындылары оқырманға жаңаша форматта ұсынылады. Соның бір көрінісі – ЖИ көмегімен әзірленген Абайдың қара сөздерінің аудиокітабы.

**ҚАРА  
СӨЗДЕРДІ****ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ**

фонетикалық транскрипциясын пайдаланды. Спектрограммдан нақты дыбыс шығару үшін vocoder модельдері жасалды. Вокодерлер спектрограммадағы мәліметтерді пайдаланып, дыбыстың шынайы тембрін, тыныс алу сәттерін және интонациялық ауытқуларды қалпына келтірді, – деді маман.

Үшінші сатыда модель үлкен көлемдегі мәліметтер негізінде бірнеше кезеңнен тұратын оқыту процесінен өтеді. Модель сөйлеу жылдамдығы, кідірістер және сөздердің өзара байланысын үйреніп, сөйлеудің табиғилығын арттырады (Training Process). Әрі қарай дыбыстың таза шығуын қамтамасыз ету үшін фондық шуды азайту, тыныс белгілерін дұрыс қою және дыбыстық сапаны арттыру құралдары қолданылады (Post-processing). Әлімжан Төлеу ана тіліміздегі шығармаларды оқырманға ЖИ арқылы жаңаша форматта жеткізу қазақ әдебиетінің цифрлық дамуына ықпал ететінін атап өтті.

– Шығармаларды ЖИ арқылы жаңаша форматта жеткізу қазақ әдебиетінің қолжетімділігін арттырады. Одан өзге, қоғамда көру қабілеті нашар адамдар үшін кітапты аудио арқылы тыңдауға



дегі технологиялар мен әдістермен теңесетін ғылыми жұмыс әзірленетінін айтты. Оның ойынша, әлемді дүр сілкіндірген ChatGPT, Deepseek сияқты үлкен тілдік модельді құруға өз ғалымдарымыздың да қабілеті жеткілікті.

– Келешекте ЖИ ғылымға зор ықпал етеді. Ол дәстүрлі әдістерді өзгертумен қатар, зерттеулерді жылдам әрі тиімді жүргізуге мүмкіндік береді. Үлкен көлемдегі мәліметтерді өңдеу – жасанды интеллекттің басты артықшылығы. Деректер көлемі күн сайын артып келе жатқандықтан, оларды қолмен талдау күрделі. ЖИ бұл мәселені шешіп, сенімді нәтижелер береді. Мысалы, жаңа материалдарды табу процесін жеңілдетеді. Екіншіден, білім беруді жеделендіру мүмкіндігі артты. ЖИ студенттердің білім деңгейін бағалап, жеке оқу бағдарламаларын ұсына алады. Сондай-ақ ол ғылымның жаһандануына үлес қосып, ғалымдарға деректерді бөлісуге және әлем елдерімен ортақ зерттеу жүргізуге көмектеседі, – деді Ә. Төлеу.

Сондай-ақ маман жасанды интеллекттің нарыққа толыққанды енуі үшін бірнеше маңызды факторды ескеру қажеттігін айтты.

– Біріншіден, инфрақұрылымды дамыту – жоғары өнімді есептеу жүйелері мен мәліметтерді сақтау орталықтарын құру аса маңызды. Екіншіден, кадр даярлау – ЖИ саласында білікті мамандарды даярлау арқылы технологияны тиімді қолдануға жол ашылады. Үшіншіден, заңнамалық реттеу мен этика – ЖИ қолдануда деректердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және этикалық мәселелерді шешу халықтың сенімін арттырады. Төртіншіден, жергілікті контент әзірлеу – Қазақстанның тілі мен мәдениетіне бейімделген ЖИ жүйелері халыққа ыңғайлы әрі қолжетімді болады, – деді институттың ғылыми қызметкері Ә. Төлеу.

Маман жоғарыда аталған бағыттарда жүйелі жұмыс жүргізілсе, ЖИ технологиялары елімізде кеңінен қолданылып, экономика мен қоғамның түрлі саласында тиімділікті арттыруға айтарлықтай үлес қосатынын, сондай-ақ жаңа технологияларды енгізуде адам құқықтары мен ұлттық мүдделерді ескеру қажет екенін жеткізді.

**Шығармаларды ЖИ арқылы жаңаша форматта жеткізу қазақ әдебиетінің қолжетімділігін арттырады. Одан өзге, қоғамда көру қабілеті нашар адамдар үшін кітапты аудио арқылы тыңдауға мүмкіндік береді.**

**AMANAT**  
MEDIA GROUP**AIQYN**

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –  
Талғат ЕШЕНҰЛЫБас редактор –  
Амангелді ҚҰРМЕТГүлзина БЕКТАС –  
Бас редактордың  
бірінші орынбасарыБотагөз МАРАТҚЫЗЫ –  
Шығарушы редакторЕлдар ҚАБА –  
Секретариат меңгерушісі

**АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:**  
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –  
Ақмола облысы  
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –  
Алматы қаласы  
Сағхан САТЫЛҒАН –  
Жамбыл облысы  
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –  
Қарағанды облысы  
Назғұл НАЗАРБЕК –  
Шымкент қаласы  
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –  
Батыс Қазақстан облысы  
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –  
Қызылорда облысы  
Банн ЖАНҰЗАҚ –  
Атырау облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ  
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**Кәсіпорындар,  
мекемелер үшін – 15102  
Зейнеткерлер,  
соғыс ардагерлері үшін – 55102  
Жеке жазылушылар үшін – 65102**ЖАРНАМА БӨЛІМІ:**  
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31  
reklama.aikyn@gmail.com**ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:**  
8(771) 804-61-32  
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»  
компьютер орталығында беттелді**ТАРАЛЫМЫ: 40 000****Тапсырыс №4564**  
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС  
Сілеті көшесі 30,  
тел: 8(7172) 99-77-77  
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ  
Мұқанов көшесі, 223 В  
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,  
Әлімқұлов көшесі 22,  
тел: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,